

А. П. КАРТОШКИН

АВТОТРАКТОРЛЫҚ ТЕХНИКАҒА АРНАЛҒАН ОТЫН

АНЫҚТАМАЛЫҚ

«Техникалық қызмет көрсету және автомобиль көлігін жөндеу» және «Ауыл шаруашылығын механизациялау» мамандықтарының топтары бойынша орта кәсіби білім берудің Федералдық мемлекеттік білім беру стандарттарының бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелерінің оқу үрдісінде пайдалану үшін оқу құралы ретінде «Білім беруді дамыту федералдық институты» федералдық мемлекеттік мекемесі тарапынан ҰСЫНЫЛҒАН

*Пікірдің тіркеу нөмірі 182
12 тамыз, 2017 жыл «БДФИ» ФММ*

2-басылым, стереотипті



**Москва
«Академия» баспа орталығы
2013**

ӘОЖ 662.7(075.32)
КБД 39.34я723
К272

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды. Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет. Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір білдірушілер:

«Қолданбалы зерттеулер академиясы» ЖАҚ ғылыми жұмыстар жөніндегі бас директордың орынбасары, химия ғылымдарының докторы, МАПИ академигі *Л. А. Ашқинази*;
СПб ГОУ СПО «Автокөлік және электрмеханикалық колледжі», техникалық ғылымдар кандидаты *С. К. Корабельников*

Картошкин А.П.

К272 Автотракторлық техникаға арналған отын: Анықтамалық:

орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған құрал/ А. П. Картошкин. — 2-баспа., стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2013. — 192 б.

ISBN 978-601-333-396-0 (каз.)

ISBN 978-5-7695-9639-1 (рус.)

Анықтамалықта автотракторлық техниканың іштен жанатын қозғалтқышында пайдаланылатын отынның көптеген түрінің сыныптамасы, таңбалануы, номенклатурасы келтіріледі. Отынның аса маңызды физикалық-химиялық және пайдалану қасиеттері туралы негізгі мәліметтер мазмұндалған. Отынның негізгі түрлерінің автотракторлық техниканы пайдаланудың сенімділігіне және тиімділігіне әсер етуі көрсетілген.

Оқу құралын 190631 «Техникалық қызмет көрсету және автокөлікті жөндеу» мамандығы бойынша ПМ.01 «Техникалық қызмет көрсету және автомобиль көлігін жөндеу» кәсіби модулін, сондай-ақ 110809 «Ауыл шаруашылығын механизациялау» мамандығы бойынша ПМ.01 «Машиналарды, механизмдерді, қондырғыларды, жұмыс тетіктерін әзірлеу, құрастыру бірліктерін жинақтау», ПМ.02 «Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану», ПМ.03 «Ауыл шаруашылығы машиналарына және механизмдерге техникалық қызмет көрсету және диагностикалау; жеке бөлшектер мен тораптарды жөндеу» кәсіби модульдерін меңгеру кезінде пайдалануға болады.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған. Мұнай өнімдерін пайдаланумен және автотрактор техникасын пайдаланумен айналысатын мамандарға пайдасын тиізуі мүмкін.

ӘОЖ
662.7(075.32) КБД

ISBN 978-601-333-396-0 (каз.)
ISBN 978-5-7695-9639-1 (рус.)

© Картошкин А. П., 2012
© «Академия» білім беру-баспа орталығы, 2012
© Безендіру. «Академия» баспа орталығы, 2012

Бұл оқу құралы 190631 «Техникалық қызмет көрсету және автомобиль көлігін жөндеу», 110809 Ауыл шаруашылығын механизациялау» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік жиынның бөлігі болып табылады.

Оқу құралы ПМ.01 «Техникалық қызмет көрсету және автомобиль көлігін жөндеу» кәсіби модулін, сондай-ақ 110809 «Ауыл шаруашылығын механизациялау» мамандығы бойынша ПМ.01 «Машиналарды, механизмдерді, қондырғыларды, жұмыс тетіктерін әзірлеу, құрастыру бірліктерін жинақтау», ПМ.02 «Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану», ПМ.03 «Ауыл шаруашылығы машиналарына және механизмдерге техникалық қызмет көрсету және диагностикалау; жеке бөлшектер мен тораптарды жөндеу» кәсіби модульдерін меңгеруге арналған.

Жаңа ғасырдың оқу-әдістемелік жинақтарының құрамына жалпы білім беретін және жалпы кәсіби пәндерді, кәсіби модульдерді оқуға мүмкіндік беретін дәстүрлі және инновациялық оқу материалдары кіреді. Әр жинақта жалпы, кәсіби құзыреттерді меңгеруге қажетті оқулықтар мен оқу құралдары, білім беру және бақылау құралдары бар, соның ішінде жұмыс берушінің талабы ескерілген.

Оқу баспалары электрондық білім ресурстарымен толықтыралады. Электрондық ресурстарда интерактивті жаттығулары және жаттығу құрылғылары бар теоретикалық, практикалық модульдер, мультимедиялық нысандар, қосымша материалдар мен Интернеттегі ресурстарға сілтемелер бар. Оларға оқу үрдісінің негізгі параметрлері: жұмыс уақыты, бақылау және практикалық тапсырмалардың қорытындылары белгіленген терминологиялық сөздік пен электрондық журналдар кіреді. Электрондық ресурстар оқу үрдісіне оңай салынады және түрлі оқу бағдарламаларына бейімделуі мүмкін.

«Техникалық қызмет көрсету және автокөлікті жөндеу» пәні бойынша оқу-әдістемелік жинағына «Қондырғы, техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді жөндеу» электрондық білім ресурсы кіреді.

Оқу-әдістемелік жинағы орта кәсіби білім берудің бағдарын ескере отырып, Федералдық мемлекеттік білім беру стандартының негізінде әзірленген.

Соңғы онжылдықта жанар-жағармай материалдары өндірісінің дамуына деген көзқарас олардың пайдалану көлемінің күрт өсуіне, мұнай құнының қымбат болуына, мұнай өнімдерінің сапасына талаптардың өсуіне және олардың қоршаған ортаға әсеріне байланысты түпкілікті өзгерді. Экологиялық талаптар көбіне техникалық талаптарға сай келмейді, оларды орындау үшін өндірісте қосымша қомақты шығындар қажет.

Мұнайды өндіруді төмендету талаптарында жанар-жағармай материалдарына сұраныстың өсуін қанағаттандыру проблемаларын шешу жолдары келесідей:

- өндірілетін мұнайды қайта өңдеуді тереңдету;
- пайдаланудағы отын шығынының нормасын төмендету;
- жаңадан құрылатын техниканың (оның ішінде қозғалтқыштың) үнемділігін жоғарылату;
- отынның баламалы түрлерін қолдану.

Бұл мәселені шешумен химмотология айналысады.

Химмотология — бұл пайдалану қасиеттері, сапасы және техникада отынды, майлау материалдары мен технологиялық сұйықтықтарды тиімді пайдалану туралы ғылым[2].

Химмотологияның басты міндеттері:

- отын мен майлау материалдарын пайдалану кезінде қозғалтқыштар мен механизмдерде болатын үрдістерді зерттеу;
- отын, майлау материалдары мен технологиялық сұйықтықтардың қолдану қасиеттері мен сипаттамаларын меңгеру және жақсарту;
- мұнай өнімдерін білікті бағалаудың әдістерін құру және оларды сынау әдістерін жетілдіру;
- қозғалтқыштар мен механизмдер құрылымдарына, сондай-ақ отын мен майлау материалдары сапасының оңтайлы деңгейі тұрғысынан техниканы қолдану талаптарына міндеттерді әзірлеу;
- химмотологиялық сенімділіктің теориясы мен сандық критерийлерін әзірлеу және олардың талаптарын

анықтау.

Мұнай өнімдерінің теориясы мен оларды қолдану қасиеттерін, тиімді пайдалану тәсілдерін білу – ауылшаруашылығы техникасының сенімді және берік жұмысын, мұнай өнімдерінің көптеген түрлері пайдаланылатын тракторларды, автомобильдерді, комбайндарды және өзге де машиналарды пайдалануға шығындарды төмендетуді қамтамасыз етуге шақырылған мамандарды әзірлеудегі маңызды құрамды бөлігі болып табылады,

Маман:

- мұнай өнімдерінің физикалық-химиялық және пайдалану қасиеттерінің құрастырушы бірліктің, механизмнің және барлық машиналардың техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне қалай әсер ететінін білуі;
- физикалық-химиялық және пайдалану көрсеткіштерін анықтау тәсілдерін және ауыл шаруашылығы техникасында қолдану үшін мұнай өнімдерінің қажетті сорттарын және маркаларын таңдау дағдысын білуі;
- отынның және майлау материалдарының физикалық-химиялық және пайдалану көрсеткіштерін анықтауға арналған құралдармен, қондырғылармен жұмыс жасап үйренуі;
- сынақ нәтижелерін талдау, оларды стандарттармен салыстыру және мұнай өнімінің жарамдылығы жайлы тиісті қорытынды шығара білуі;
- сапа көрсеткіштері бойынша отынның және майлау материалдарының потенциалды мүмкіндіктерін анықтай білуі тиіс.

Осы баспада сұйық отынның физикалық-химиялық және пайдалану қасиеттері жөніндегі анықтамалық материалдар ұсынылған, олар қазіргі уақытта автотракторлық техниканың іштен жанатын қозғалтқыштарында кеңінен қолданылады.

1 Тарау

ОТЫН

1.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Отын алудың негізгі шикізаты мұнай болып табылады. 2002 жылғы 01 шілдеден бастап ГОСТ Р 51858 — 2002 «Мұнай. Жалпы техникалық шарттар» іске қосылды. Бұл стандарт көлік ұйымдарына, Ресей Федерациясының кәсіпорындарына жеткізу үшін және экспортқа арналған мұнайға таралады.

Мұнай — пайдалы қазба, сұйық отын, органикалық заттардың: парафиндердің (шектеулі), көмірсутектердің, нафтенді көмірсутектердің (циклопарафиндердің), хош иісті көмірсутектердің және т.б. күрделі қоспасы. Түрлі кен орындарының мұнай құрамында аталған көмірсутектердің біреуі басым болады. Мұнайдың құрамына сондай-ақ оттегі-, күкірт- және құрамында азоты бар қоспалар кіреді.

Мұнай — өзіне сай иісі бар май тәрізді, қарақоңыр түсті, судан жеңіл және онда ерімейтін май тәріздес сұйықтық. Мұнайдың пайда болуының бірқатар теориялары бар [9]. Мұнай — отынды, майлайтын сұйықтарды және өзге де мұнай өнімдерін, сондай-ақ химиялық өнеркәсіпке арналған шикізатты өндіру үшін аса маңызды шикізат көзі. Мұнайда шыққан жеріне байланысты оның көмірсутекті құрамы ауытқиды. Түрлі жерден пайла болған мұнайдың элементті химиялық құрамы тұрақты. Мұнайдың құрамында май. %: көмірсутек (C) — 82...87; сутегі (H) — 11,5... 14,5; оттегі (O) — 0,05.0,35 (сирек 0,7); күкірт (S) — 0,001.5,3; азот (N) — 0,001... 1,82 бар. Күкірттен басқа аталған барлық элементтер мұнайдың құрамында күрделі органикалық қоспалар түрінде кездеседі. Шикі мұнайдағы көмірсутек құрамы 80.90% дейін жетеді.

Мұнай көздері — табиғаттың бағасыз сыйы. Мұнайдан

мыңдаған пайдалы өнім алуға болады, оның ішінде синтетикалық маталар, дәрі-дәрмектер, жасанды белок т.б. Энергетикалық мақсаттарда мұнай өнімдерін жағу – тарихи мәжбүрлі құбылыс. Энергияның әмбебап әрі жайлы көзі бола тұра, мұнай сонымен қатар қоршғаған ортаны ластау факторына болып, оған потенциалды қауіп төндіреді. Мұнай өнімдері жанған кезде негізгі атмосфераны ластаушы заттар түзіледі.

Техногендік ластаушы заттар табиғи ластаушылардан өзінің шоғырланғандығымен ерекшеленеді және оның шоғырлануы қауіпсіз деңгейге жеткенше бірқатар шығын келтіреді.

Экономиканың басқа секторларынан мұнай өнімдеріндегі агроөнеркәсіптік өндіріс қажеттілігі бірқатар ерекшеліктерімен шартталған. Олардың ішіндегі аса салмақтысы жүргізілетін жұмыстардың мерзімділігі, климатқа және метеорологиялық жағдайларға бағыныстылық және өсірілетін өнімнің биологиялық сипаты болып табылады. Ресейдің агроөнеркәсіптік кешенінде (АӨК) қолданылатын отынды-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) құрылымы мен көлемі географиялық және климаттық факторларға, ауылшаруашылығы өндірісін мамандандыруға, ауылшаруашылығы алқабының ауданына, пайдаланылатын технологиялар мен техникалық құралдарға, автомобиль жолдарының жағдайына тәуелді. Ресейдің АӨК-де ОЭР-ді салалық құрылымда пайдалануда 60 % мұнай өнімдері құрайды, оның ішінде 45 % дизельді отындар, 30...35 % — автомобиль бензиндері [14]. Бұған қоса дизельді отын ауылшаруашылығы өнімінің қандай да бір түрін өсірудегі операцияда монополиялық болып табылады.

«Мұнай өнімдері және майлау материалдары. Жалпы жіктеу» 28576 — 90 (ISO 8681—86) ГОСТында мұнай өнімдері мен майлау материалдарының топтары және олардың мағыналары айқындалған:

Топ	Өнім
F.....	Мұнайлы отындар
L.....	Майлау материалдары, индустриалды майлар және туыстас өнімдер
W	Парафиндер
B.	Битумдар
S.	Еріткіштер мен химиялық өндіріске арналған шикізат

ОТЫНДАРДЫ ЖІКТЕУ

1.2.

Д. И. Менделеевтің анықтамасы бойынша отын деп жылу алу үшін әдейілеп жағатын жанатын затты атайды. Мұнайлы отындар аса маңызды энергияның көзі болып табылады.

Міндеттерге қарай келесі отынның түрлерін бөледі:

- стационарлы және көліктік (кеме) ошақтық құрылғыға (бу генераторларына және су жылытқыш қазандықтарға) арналған;
- стационарлық және көліктік газ турбиналы қозғалтқыштарға арналған;
- өте шапшаң авиацияның реактивті қозғалтқыштарына арналған;
- шағын, орта айналымды, тез жүретін және көп отынды дизельдерге арналған;
- автомобильді және авиациялық іштен жанатын бензинді қозғалтқыштарға арналған.

Алу тәсіліне қарай отынның табиғи және жасанады түрлері болады; отынды агрегаттық жағдайына байланысты қатты, сұйық және газ тәрізді түрге бөледі (1.1 кесте [3]).

Қазіргі уақытты қатты отын жылу электр станцияларында электр энергиясын өніду үшін және жылыту қажеттіліктері үшін негізінде стационарлық ошақтық құрылғыларда қолданылады.

1.1.кесте Отындарды жіктеу		
Отынның агрегаттық күйі	Табиғи отын	Жасанды отын
Қатты	Сүрек (ағаш) Шымтезек Қоңыр көмір Тасты көмір Антрациттер Жанғыш тақтастатр	Ағаш көмір Шымтезек коксы Тасты-көмірлі кокс Брикetter, пилеттер Көмір тозаңы (тозаңды отын)
Сұйық	Мұнай, сұйық газ.	Бензин, керосин, дизельді отын, мұнай өнімдерінің қалдықтары, синтетикалық отындар, бензол, спирттер

Газ тәріздес	Табиғи газ Ілесне газ Тасты көмірлі газ Биогаз	Генераторлы газ, домналы газ, жарық беретін газ, коксты газ, мұнайды қайта өңдеудің газ тәріздес өнімдері
--------------	---	--

Автотракторлық техникаға арналған отынның негізгі түрі – мұнайлы сұйық отын болып табылады.

Газ тәріздес отындар қазіргі уақытта тек арнайы қолданудағы кейбір қозғалтқыштарда ғана пайдаланылады. Біздің елімізде осы отын көлемі көп, сондықтан ол келешектегі моторлы отынның басты резервінің бірі болып табылады.

Мұнай фракцияларын отын ретінде кеңінен қолдану оның жоғары жану жылуымен, арзан болуына, пайдаланудағы қолайлылығына байланысты. 1 кг мұнай отыны жанған кезде 41 700 кДж-дан астам жылу бөлінеді, ал 1 кг көмір жанғанда — шамамен 33 300 кДж, ал 1 кг ағаш көмір жанғанда — шамамен 19 500 кДж.

ISO 8216-0 — 86 (ГОСТ 28577.0 — 90) мұнайлы отынның халықаралық жіктеуіне сай автотракторлық отындар ISO — F — DST 2 таңбасымен бейнеленеді. Бейнелеуге ISO аббревиатурасы (Стандарттау жөніндегі халықарадық ұйым); отынның (мұнайлы отын) тобын білдіретін F дыбысы; отынның санатын (дистиллятты отындар – бензиндер, керосиндер, газ майлары мен дизельді отындар) білдіретін DST аббревиатурасы, отынның ерекше қасиеттерін көрсететін сандар кіреді.

ГОСТ 28577.0 — 90 (ISO 8216 — 0—86) бойынша F тобының мұнайлы отындарын жіктеу 1.2 кестеде көрсетілген[3].

1.2. кесте. Мұнайлы отындарды жіктеу (F) тобы

Отын тобы	Сипаттамасы
G	Газ тәріздес отындар — негізінен метан мен (немесе) этаннан тұратын мұнайлы отын тектес газ тәріздес отын

L	Төмендетілген газ тәріздес отындар – негізінен пропан мен пропеннен және (немесе) бутаннан және бутеннен тұратын мұнай тектес мұнайдан шыққан отын
D	Дистиллятты отындар— төмендетілген мұнайлы газдар мен отындарды қоспағандағы мұнай тектес отындар (бензиндер, керосиндер, газды майлар мен дизельді отындар)
R	Қалдық отындар — мұнайды айыру процесінің қалдық фракциялары бар мұнайлы отындар
C	Мұнайлы көкстар — негізінен көміртектен тұратын және крекинг процесінде алынатын мұнай тектес қатты отын

Соңғы онжылдықта отын өндірісінің дамуына деген көзқарас олардың қолдану көлемінің күрт өсуіне, мұнай құнының жоғарылығына байланысты түбегейлі өзгерді, отын мен қоршаған ортаны қорғауға жіберілген олардың жану өнімдерінің сапасына деген талаптар өсті. Экологиялық талаптар көбіне отынға деген техникалық талаптармен сәйкес келмейді, бұған қоса оларды орындауға өндірісте едәуір қосымша шығындар қажет.

Осы мәселелерді шешудің түбегейлі жолдары:

- өндірілетін мұнайды қайта өндеуді тереңдету;
- қолданыстағы отын шығының нормасын төмендету;
- жаңадан құрылатын энергетикалық қондырғылардың үнемділігін жоғарылату;
- альтернативті отындарды пайдалану.

1.3.

СҰЙЫҚ ОТЫНДАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТІ ҚҰРАМЫ

Отынның негізгі сипаттарының ішіне бірінші кезекте оның элементтік құрамын жатқызуға болады. Кез-келген отын жанатын бөліктен және жанбайтын қосындылардан (балластан) тұрады. Жалпы алғанда отын жеті компоненттен құралған. Элементтік құрамы, отынның жұмыс салмағын салм. % мына теңдік түрінде көрсетуге болады

$C_p + H_p + S_p + O_p + W + A_p = 100$,
мұндағы С (көміртек), Н (сутек), S (күкірт), О (оттегі), N (азот) — сәйкес химиялық элементтердің құрамы; *W* — ылғал; *A* — күл.

Жанатын бөліктерге құрамында С, Н, S, О и N. К бар химиялық заттар, жанбайтын бөлікке (*W*) ылғал мен (*A*) минералды қоспа кіреді.

Отынның **құрғақ** салмағында ылғал болмайды, оның құрамы мына теңдік түрінде жазылады

$$C_c + H_c + S_G + O_c + N + A_c = 100.$$

Жанатын салмақтың құрамы келесі теңдік арқылы жазылады:

$$C_r + H_r + S_{r.} + O_r + N = 100.$$

Сұйық отындар үшін элементтік құрам өте аз өзгереді. Отын стандарттарында әдетте жанатын салмақ құрамы көрсетіледі, сондықтан жұмыс салмағының элементтік құрамын қайта есептеу қажеттігі туындайды, себебі отын жөніндегі барлық жылу есептері жұмыс салмағына жүргізіледі. Қозғалтқыштардың жылу

есептерінде құрғақ салмақ қолданылады. Мұндай есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі

$$C_p = C_t(100 - A_p - W_p)/100; H_p = H_t(100 - A_p - W_p)/100 \text{ және т.б.}$$

Отынның химиялық және физикалық сипаттамалары ондағы жеке элементтердің пайыздық құрамына байланысты.

Көміртегі — кез-келген отынның негізгі жанғыш бөлігі. Отынның құрамында көміртек түрліше болады: мысалы, мазутта — 88.92 салм. %, ал бензиндерде — 85 сал. % дейін. 1 кг көміртегі жанғанда 33,9 МДж жылу бөлінеді.

Сутегі — отынның құрамдас бөлігі, аса жоғары жану жылуына ие. 1 кг сутегі жанғанда 142 МДж жылу бөлінеді. Түрлі сұйық отындарда сутегінің құрамы 13.15 сал. %, шамасында ауытқиды, бензинде ол көбірек, дизельді отындар мен мазуттарда – азырақ.

Күкірт – отынның құрамдас бөлігі, ол бос түрде де және органикалық қосылыстар түрінде де болады. Отындағы күкірт саны 0,01.5,0 сал. %. 1 кг күкірт жанғанда 9,2 МДж ғана жылу бөлінеді, ол 1 кг көміртегі жанғаннан 3,7 есе аз, яғни жылу жағдайында күкірт – онша тиімді емес. Отындағы күкірт қосындысы зиянды болып есептеледі, себебі ол жанған кезде пайда болатын күкірт газы қозғалтқыш бөлшектерін жеміреді, күйе және түрлі дақтар түзеді.

Сұйық отындағы оттегі мен азот біраз мөлшерде ғана болады, ол екеуінің қосындысы әдетте 2 сал.% дан аспайды.

Күл – отынның жанбайтын минералды бөлігі. Отындағы миенаралды қосындылар әдетте, мұнай өндіруде оған түсетін түрлі тұздар ретінде белгілі. Бұған қоса, минералды қосындылар отын мен конструкциялық материалдардың әрекеттесуі нәтижесінде пайда болуы мүмкін, сондай-ақ мұнай өнімдерін тазалау кезінде оған түсуі мүмкін. Әдетте, сұйық отын құрамындағы минералдық қосындылар аз (0,1 % дейін), дегенмен кейбір жағдайларда 1 %-ға дейін жетуі мүмкін. Отын жанған кезде минералды қосындылар күлге айналады, олар күйе мен іштен жанатын қозғалтқыштың түрлі ластаушыларын түзеді.


Ылғал күл сияқты отынның қажетсіз элементі болып табылады, отындағы жанғыш элементтердің санын азайтады, өңделген газдардың улылық дәрежесін төмендетеді және отын жанғанда оның булануына жылу энергиясының аса көп шығынын қажет етеді. Сұйық отында ылғал не болмайды, немесе аз көлемде кездеседі.

Парафинді (шекті) көмірсутектер (байытылған көмірсутектер, парафиндер, алкандар) – атомдары бір-бірімен бірыңғай (қарапайым) байланысқан ашық тізбегі бар көмірсутектер. Көмірсутектердің жалпы формуласы бар: C_nH_m . Мұнай алканының құрамында қалыпты құрылымдағы (1.1, а сурет) және тізбектегі метил тобының түрлі жағдайымен дараметилмен алмастырылған (1.1, б сурет) қосылыстар көрсетілген. Ди-, три- және тетраметилалкандар (1.1, в сурет) әжептәуір аз. Мұнайдағы алкандардың жалпы құрамы негізінен 20...30 об.% құрайды.


Алкандар химиялық инертті, алмастыру реакцияларына түседі. Қалыпты жағдайларда парафинді көмірсутектер (алкандар, изоалкандар) берік заттар болып табылады. Температура жоғарылағанда қалыпты алкандардың беріктігі төмендейді, 250.350 ° С температурада олар тотықтандыру реакциясына оңай түседі, сондықтан дизельді отындардың керекті компоненттері болып табылады. Бензиндер үшін жоғары температурада жоғары беріктігін сақтайтын изоалкандардың болғаны тиімді.

Нафтенді көмірсутектер (цикландар) тұйық дөңгелек түрінде орналасқан және жай валентті байланыстармен қосылған көміртек атомдарынан ғана құралады (1.1, г сурет). Моноцклдық цикландар формуласы C_nH_{2n} , бициклдық— C_nH_{2n-2} . Барлық теориялық мүмкін моноциклдық циклоалкандардан аса беріктері циклопентандар мен циклогександар болып табылады, артықшылығы және мұнайдағы осы қосылыстар тобын ұсынады. Мұнайдағы нафтендердің жалпы құрамы 25тен 75ке дейін ауытқиды. Ұзын шеткі тізбектері бар нафтенді көмірсутектер майлағыш заттардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.




Хош иісті көмірсутектер (ареналар) – құрамында бензолды ядролары бар (қарапайым немесе конденсирленген) көмірсутектер тобы. Бензолды ядролар – үш қарапайым және қос көміртек-көміртекті байланыстан тұратын алты мүшелі циклдар (1.2, а сурет). Олардың байытылған немесе байытылмаған қабырға тізбектері болуы мүмкін. Аса маңызды ареналарға бензол мен оның гомологтары



$\begin{array}{ccccccc} & \text{H} & & \text{H} & \text{H} & \text{H} & \text{H} \\ & | & & | & | & | & | \\ \text{H} & -\text{C} & - & \text{C} & - & \text{C} & - & \text{C} & - & \text{C} & - & \text{C} & - & \text{C} & - & \text{H} \end{array}$
 л-пентан (н-пентан, қалыпты пентан) C_5H_{12}
a




н-октан (н-октан, қалыпты октан) C_8H_{18}



$\text{CH}_2 - \text{CH}_2^{\wedge}$ Нафтенді көмірсутектер

$\text{CH}_2 =$ /~




1.1. сурет Түрлі көмірсутектердің молекулалар құрылымы:

$\text{CH}_2 - \text{CH}_2^{\wedge}$

циклопентан C_5H_{10}

a — қалыпты құрылым қосылыстары; *б* — монометилмен алмастырылған қосылыстар; *в* — ди-, три- және тетраметилалкандар; *г* — цикландар



1.2. сурет Хош иісті көмірсутектердің құрылымы:

а – бензолды ядролар; б – бензол және оның гомологтары; в – нафталин және одан түзілгендер; г – антрацен және одан түзілгендер;

(1.2, б сурет), нафталин (1.2, в сурет), антрацен (1.2, г сурет) және олардан түзілгендер жатады. Моноциклдық арена­лардың формуласы — C_nH_n , бициклдық — C_nH_{n-2} , үшциклдық — C_nH_{n-4} . Мұнайдың құрамында бензол гомологтары ғана емес, өндірістік нафталиннің, фенантреннің және полициклдық арена­лардың аса маңызды көлемі болады.

Түрлі мұнайлардағы бұл көмірсутектердің жалпы құрамы кең көлемде ауытқиды, орта есеппен 20 сал. % құрайды.

Хош иісті көмірсутектер жоғары температурада өте берік, ол

оларды бензиннің құрамында қолдануға мүмкіндік береді.

Көмірсутектерден басқа барлық мұнайларда күкірт, оттегі мен азот сияқты гетероатомдары бар қосылыстардың маңызды мөлшері болады. Бұл элементтердің құрамы мұнайдың жасы мен оның шыққан жеріне байланысты.

Күкірттің құрамы 0,02...7,0 сал. % ды (бұл шамамен 0,2.70 сал. % күкірттік қосылыстар), оттегінің — 0,05.3,6 сал. % (шамамен 0,5.40 сал. % құрамында оттегісі бар қосылыстар), азоттың құрамы —1,7 мас. % көп емес бөлікті мүмкін.

Құрамында оттегісі бар қосылыстар — қышқылдармен, фенолдармен, кетондармен және эфирлермен, лактондармен, ангидридтермен және фуран қосылыстарымен сирек берілген. Құрамында оттегісі бар қосылыстардың негізгі бөлігі керосиндік фракциядан бастап жоғары қайнатылған фракцияларға негізделген.

Оттегінің 90.95 дейінгі сал. % смолалар мен асфальтендерге жатады. Бұл компоненттер моторлы отындарға онша қажет емес, сондықтан күйелердің, лактардың және түрлі дақтардың пайда болуына алып келеді және қозғалтқыштардың тот басуын туғызады.

Мұнайдағы **күкірт** ерітілген және коллоидты күйде де, сондай-ақ ерітілген күкіртті сутек, меркаптандар (тиоспирттер, тиолдар), сульфидтер (тиоэфирлер) және полисульфидтер, циклды сульфидтер (тетрагидротиофен тәрізді) және өндірілген тиофендер түрінде де кездесуі мүмкін (1.2, б суретті қараңыз). Бұған қоса, аралас күкіртті- және құрамында оттегісі бар қосындылар — сульфондар, сульфоксидтер мен сульфон қышқылдары да болады (1.2, в суретті қараңыз). Мұнайдың смолалы-асфальтенді бөлігінде бір мезетте күкірт, азот және оттегі атомдары бар күрделі қосылыстар байқалады. Мұнайды айыру температурасын жоғарылатқанда күкірттік қосылыстардың құрамы ұлғаяды, күкірттік қосылыстардың 70.90 сал. % ауыр мұнай қалдықтарына, әсіресе, смолалы-асфальтты бөлікте шоғырланған.

Қозғалтқыштың жұмысына күкіртті сутек пен меркаптандар зиянды әсерін тигізеді. Бензиндегі күкірттің құрамын 0,033-тен 0,15 сал.%-ға дейін ұлғайту қозғалтқыштың қуатын 10,5%-ға дейін азайтады, отын шығынын 12 %-ға дейін көбейтеді, қозғалтқыштарды күрделі жөндеуді екі есеге, ал орта жөндеуді 2,1 есе ұлғайтуға алып келеді. Мұндай жағдайларда жөндеудегі тұрып қалуды өтеу үшін қолданыстағы машиналар паркін 1,07 есеге көбейту қажет. Ұқсас шығындар күкіртті дизельді отынды пайдалану кезінде байқалады. Күкіртті отынды қолдану пайдалану шығындарынан басқа қоршаған ортаға үлкен зиян келтіреді (олар жанған кездегі күкірт оксидтері жануарлар және өсімдіктер әлемін құртады).

Құрамында азоты бар қосылыстар мұнайда азотисті негіздемелер мен бейтарап қосылыстармен ұсынылған (1.2, г суретті қараңыз). Құрамында азоты бар қосылыстар өзге де гетероатомды мұнайдың қосылыстары тәрізді фракциялар бойынша біркелкі емес таралған, олардың жартысынан көбі смолалы-асфальтенді бөлікке шоғырланған.

Смолалы-асфальтенді заттар органикалық қосылыстардың белгілі бір тобына жатпайды. Олар құрамына азот, күкірт, оттегі молекулалары, сондай-ақ бірқатар металлдар кіретін грибидті құрылымның жоғарғы молекулярлы қосылыстарының күрделі қоспасын көрсетеді. Түрлі еріткіштердегі смолалы-асфальтенді заттар компоненттерінің түрлі ерітілуіне негізделі отырып, оларды келесі фракцияларға бөледі:

- карбоидтер — күкіртті сутекте ерімейтін заттар;
- карбендер — күкіртті сутекте еритін, бірақ бензолда (және төртхлорлы көміртеkte) ерімейтін заттар;
- асфальтендер — көрсетілген еріткіштерде еритін, бірақ шектеулі C_5 — C_8 көмірсутекте ерімейтін заттар;
- мальтендер — C_5 — C_8 байытылған төменгі қайнатымдағы көмірсутектерде еритін заттар (мальтендер- бұл смола мен майдың қоспасы).

Қазба шайырлар қатты аморфты немесе қара қошқыл түстен қоңыр түске дейінгі жабыспақ аз қозғалатын сұйықтық болып келеді. Асфальтендердің молекулярлық салмағы 700... 900-ден 40 000-ға дейін таралады, ал майлардың молекулярлық салмағы 1 000 және одан да жоғары болады. Қазба шайырлар гетероатомды қосылыстар болып табылады, қазба шайырларының құрамындағы көміртек пен сутекті төменгі шектеулерде C — 79-дан 87 сал. % дейін, H — 9-дан 12 сал. % дейін ауытқиды. Салмақ қатынасы $C : H$ — 7,7...8,9.

Қазба шайырлары құрамындағы көміртекке қарай асфальтенге жақын, бірақ олардағы сутегі 1 . 2 % -ға көп. Қазба шайырындағы оттегі құрамы — 1 . 7 %, күкірт — он пайыздық үлестен 7 . 10 % дейін, азот — жүз пайыздық үлестен 2 % және одан көп. Мұнайдың қара шайырлы заттар құрамына темір, никель, ванадий, хром, магний, кобальт т.б. металдар жиі кіреді.

Асфальтендер – қатты аморфты заттарды білдіреді, олар 200.300 °C температурада жабыспақ пластикалық күйге ауысады, ал 390...400°C температурада сұйық әрі газ тәріздес өнімдер, қатты коксты қалдықтар бөле отырып, ыдырайды. Асфальтендер мұнайдың аса жоғары молекулярлы заттары болып табылады, олардың орташа молекулярлық массасы қазба шайырларына

қарағанда көп. Асфальтендердің молекулаларының құрылымы конденсатты хош иісті және түрлі алкильді орын ауыстырғыштары бар алициклды ядролардан тұратын жүйені көрсетеді.

Асфальтендердегі көміртек пен сутектің құрамы салыстырмалы төмен шектеулерде: С — 80.86 сал. %, Н — 7.3..9.4 сал. % ; салмақ қатынасы С : Н — 9.11 ауытқиды. Құрамындағы гетероатомдардың түрлі болуы аса көп – оттегінің 1 ден 9 сал. % дейін, күкірттің — 0 ден 9 сал. % дейін, азоттың құрамы — 0 ден 3 сал. % дейін ауытқуы мүмкін.

Асфальтендердің нашар көрінетін кристаллдық қасиеттері бар. Асфальтендер құрылымы жазықтар – диаметрі 3.0.6,. нм қабаттар («шоқтар», «пластиндер») түзетін аса көрнекті екі өлшемді көпциклды жүйелерімен сипатталады. Қабаттар формалары сопақша, ұзындығы шамамен 5,0 нм және ені 1.0. 1.2. нм. Көпядролы қабаттар бір-біріне қатарлас орналаса отырып, кристалл тәрізді қалыңдығы 1,6.2,0 нм құрылымдар (қораптар) түзеді, ол 5-6 қабатқа сәйкес. Қабаттар аралығы 0,355.0,37 нм.

1.5. СҰЙЫҚ ОТЫН АЛУ

Мұнайды қайта өңдеу өнеркәсібінде мұнай айдау зауыттарында (МАЗ) мұнайдан отын алу үшін технологиялық процестердің екі тобын қолданады (физикалық және химиялық) [5]:

- мұнайды алғашқы қайта өңдеу (физикалық процестер), мұнда мұнайдың көмірсутек құрылымы өзгермейді, тек қайнауының түрлі температураларына негізделген оларды айыру өзгереді;

- мұнайды екінші қайта өңдеу (химиялық процестер) оған кіретін көмірсутектер құрылымының өзгеруімен - белгілі бір көп қайнатылған компоненттерде мұнайды қарапайым көмірсутектерге ажырауымен сипатталады, бұдан төмен температураларда қайнайтындар нәтижесінде алдын ала берілген қасиеттері бар өнімдер пайда болады. Мұнайды екінші қайтара өңдегенде қозғалтқыштарға арналған отын болып табылатын мұнай өнімін шығару маңызды жоғарылайды.

Мұнайды алғашқы қайта өңдеу арнайы қондырғыларда мұнайды алғашқы қайта өңдеу үшін жүзеге асырылады [9]. Шикі мұнай электрлік тұзсыздандыру аппаратына түседі, ол жерден жылоуалмастырғыштар арқылы 160... 180 °C

температураға дейін қыздырылып булану колонна-ссыыына беріледі, мұнда бензин фракцияларын бөлшектеп таңдау жүргізіледі. Бензин булары булағыштан атмосфералық колоннаға жіберіледі, ал мұнайдың қалған бөлігі тұрбалы пеш арқылы сорылып, атмосфералық ректификациялық колоннаға 330.335 °C температураға дейін қыздырылады. Ректификациялық колоннада оған енгізілген көмірсутек буларының бір ізді конденсациясы жүреді. Колоннаның түрлі биіктігінде орналасқан тарелкелерден айдалатын мұнайдың түрлі фракциялары таңдалып алынады. Жоғарғы тарелкелерден аса жеңіл қайнайтын фракциялар - 40...200°C температурада қайнайтын бензиндік, сосын лигроин(120.250 °C), одан әрі керосин (150.315 °C), сосын газойль (230.360 °C) және соңында 300 °C дан жоғары температурада қайнайтын соляр алынады. Мұнайдың қалған бөлігі – мазут – колоннаның түбінде жиналады. Мұнайды тікелей айдау арқылы алынатын отындар дистиллятты деп аталады.

Мұнайды екінші мәрте қайта өндеудің негізгі үрдістері крекинг және риформинг болып табылады.

Крекинг үрдісі (*cracking* ағылшын сөзі— ыдырау) — көмірсутектерді ыдыратуға және жоғары температура (400.540 °C) мен қысымның (6 МПа дейін) әсерінен пайда болатын жарықшақтарды полимерлеуге негізделген мұнайдың ауыр әрі қалдық фракцияларын қыздырып қайта өндеу әдісі. Крекинг моторға арналған отындарды алудың негізгі тәсілі болып табылады [9] және таза термиялық үрдіс – термиялық крекинг ретінде жүзеге асады, себебі катализаторлардың – каталикалық крекинг және сутегі – су крекинг қатысуымен жүзеге асады.

Термиялық крекинг өнімдерінің құрамында шексіз көп көмірсутектер, яғни, ашық тізбекті көмірсутектер бар, олардың молекулаларында көміртегі атомдары арасында екі немесе үш байланыстар бар.

Шексіз көмірсутектер ашық тізбекте екі немесе үш байланыстармен қосылу реакцияларына қабілетті, олардың көбіне полимерлеу реакциясы сай. Сондықтан термиялық крекинг өнімдері сақтауда тұрақты емес, осы өнімдерден жасалған бензинедердің жанғыш қоспаларға сезімталдығы аз және риформинг жолымен алдағы уақытта қайта өндеуді қажет етеді.

Автокөлікте қолданылатын 95-ке дейінгі октан саны бар жоғары сапалы бензиндер алу үшін катализаторлардың – синтетикалық немесе табиғи аллюмосиликаттардың (белсендірілген балшық, мысалы монтморрилонит) қатысуымен өткізілетін каталитикалық крекинг қолданылады. Ол кезде дизельді отын ретінде пайдаға асатын керосингазойлы фракцияларды да алады. Үрдіс 450... 520 °C

температурада 0,2.0,3 МПа қысымда қозғалмайтын немесе үздіксіз циркуляцияланатын каттализаторлармен реакционды колонналарда жүзеге асырылады. Бұған қоса, бұл жағдайда байытылған көмірсутектерін түзе отырып, изомерация жүргізіледі. Нәтижесінде термиялық крекингпен салыстырғанда жеңіл өнімдердің шығуы көбірек, алынатын бензиннің құрамында көп изопарафиндер мен аз шектеулі көмірсутектер болады, олар жоғары сапаға шартталған.

Таза каталитикалық әдіспен қайта өңдеуге жарамсыз құрамында күкіртті және қазба шайырлы қосылыстары бар мұнай өнімдерін қайта өңдеу үшін сутегінің – су крекингінің қатысуымен каталитикалық крекингті қолданады. Үрдіс 350.450 °C температурада, 3.14 МПа сутегінің қысымында және 1 м³ шикізатта 170.350 м³ сутегі шығынында іске асырылады. Катализаторлар ретінде молибден мен никельдің оттегілері мен сульфидтері, кобальт молибдаты және өзге де крекирлейтін тасымалдаушылардағы катализаторлар қызмет етеді. Ол кезде ашық өнімдерді шығару 70 %-ға дейін өседі және өнімдер құрамындағы күкірт пен шектеусіз көмірсутектер азаяды. Алынатын мотор отындары (бензин, реактивті және дизельді отындар) аса жоғары сапасымен ерекшеленеді.

Қосындыларды алу үшін жартылай фабрикаттарды тазалайды, ол отынның аса жоғары пайдалану сапасын арттырудың негізгі шарты болып табылады.

Қышқылдық тазалау - мұнай өнімдерін 96.98%-дық күкірт қышқылының ерітіндісімен қайта өңдеуге негізделген. Қышқылмен әрекеттескенде қазба шайырлы-асфальтенді және нафтенді қышқылдар шөгіндіге жиналатын өнім түзеді. Тазалаудың екі түрі бар: қышқылдық-сілтілік және қышқылды-байланысты. Қышқылдық-сілтілік тазалау кезінде қышқылмен әрекеттескеннен кейін жартылай фабрикатты натрий сілтісімен кейіннен оны сумен шая отырып және ыстық ауамен кептіріп, бейтараптандырады. Тазалаудың бұл тәсілінің кемшілігі - сумен шайған кезде берік, бұзылмайтын эмульсиялар пайда болады және түзілген тұздардың гидролизі жүреді. Сондықтан бірқатар жағдайларда қышқылдық-байланыстық тазалауды қолданады. Тазалаудың бұл тәсілінде қазба шайырлы заттар мен шектеусіз көмірсутектер жойылады. Тазалау жартылай фабрикатты қышқылмен және ағартқыш балшықпен кезектеп қайта өңдеуге негізделеді.

Қышқылдық тазалаудың тиімділігін арттыру үшін мұнай өнімін күкірт қышқылымен және пропан ерітіндісімен өңдеу қолданылады. Пропан мұнай өнімдерінің созылғыштығын және олардағы қазба шайырлы-асфальтенді заттардың еруін азайтады, бұл қышқылдық тазалаудың тиімділігін арттырады. Қышқылмен тазалау кезінде

күңгірт түс беретін қазбалы шайырды жою есебінен мұнай өнімін «түссіздендіру» жүреді, созылғыштық-температуралық қасиеттер жақсарады, бу және тұтану қысымдары жоғарылайды, мұнай өнімдерінің кокстануы азаяды.

Сілтілік тазалау (натрий сілтісімен тазалау) көмірсутектерде немесе суда еритін нейтралды қосылыстарда ерімейтін заттар түзе отырып, қышқыл өнімдерді сілтімен бейтараптандыруға негізделеді. Тазалаудың бұл түрі арқылы жартылай фабрикаттардан күкіртті (мұнай қышқылдары, фенолдар), қышқылды және күкіртті қосылыстарды алшақтатады.

Селективті тазалау мұнай өнімдерінің құрамында болатын түрлі көмірсутектерге қатысты кейбір арнайы таңдап алынатын органикалық сұйықтықтардың талғамалы еріткіш қабілеттеріне негізделеді. Бұл тәсіл керексіз хош иісті және асфальтенді компоненттерді бөлу үшін аса тиімді, ол созылғыштығы мен тұрақтылығы бойынша өте жақсы көрсеткіштері бар және қозғалтқышта қыртыстар түзу қабілеттілігі төмен мұнайлы жартылай фабрикаттар алуға мүмкіндік береді. Селективті тазалау кезінде созылғыштық-температуралық қасиеттер жақсарады, тығыздығы мен мұнай өнімдерінің кокстануы төмендейді.

Сумен тазалау күкіртті, азотты және оттегілік қосылыстарды сутегімен қалпына келтіру жолымен, суда жеңіл еритін заттарды – күкіртті-сутекті, аммиакты және суды түзе отырып, күкіртті, азотты және оттегілік қосылыстарды жою үшін қолданылады. Процесс катализатордың қатысуымен 380...420°C температурада және 2... 7 МПа сутегі қысымында жүргізіледі. Сумен тазалауды мотор майлары мен дизельді отындарды, сондай-ақ платформинг алдында шикізатты күкірттен айыру мақсатында қолданады.

Адсорбциондық тазалау (байланыстық тазалау, ағартушы балшықпен тазалау) мұнай өнімдерінің құрамында кездесетін қосындылары бар тиісті адсорбциядан кейін кейбір кеуекті минералды заттар (адсорбенттер) қасиеттеріне негізделген. Тазалаудың бұл түрінде қазба шайырларын, нафтен қышқылдарын құрамында оттегісі бар қосылыстар,сульфокүкірттер, минералады қышқыл қалдықтары мен селективті еріткіштер алыстатылады.

Бұл тазартуда мұнай өнімдерінің күнгірт бояуының себептері кетіріледі. Сондықтан бұл тәсіл ағартушы балшықпен тазалау деп те аталады. Айта кету керек, көп мөлшердегі қажетсіз заттарды түйіспе тазарту көмегімен кетіру экономикалық орынсыз. Сондықтан бұл тазартуды қорытынды өңдеу сапасында пайдаланады. Тазартудың өзге тәсілдерінен парафиннен арылтуды және ультрасүзуді атап өту керек.

Парафиннен арылту жоғары температурада қататын көмірсутектерінен, ең бастысы парафиннен арылту үшін пайдаланылады. Парафиннен арылтудың бірнеше тәсілдері бар, оның ішінде ең тиімдісі, жартылай дайын өнімді, негізгі өнімнің қату температурасынан төмен температурада аяздату тәсілі. Бұл температурада парафин кристалданып, сүзгіште бөлінеді. Бұл тәсілдің кемшілігі, парафин қату үшін шикізатты белгіленген температурадан төмен температурада қатыру керек (25... 10°C), бұл белгілі технологиялық қиындықтар туғызады. Еріткіштерді пайдалануға негізделген, мысалы, сұйық пропанмен парафиннен арылту, тәсілдерде бұл кемшіліктер жоқ. Себебі пропан қалыпты температура және қысымда газ түрінде болады (0,1 МПа-да қайнау температурасы 2 °C) , шикізатты пропанмен (1,2.1,4 МПа), қысымда араластыру, пропанды сұйық түрде сақтауға жеткілікті (бұл жағдайда пропанның қайнау температурасы 30 °C ден жоғары). Араластырылған соң қысым төмендетіледі, соның есебінен пропанның бөлігі булануынан, берілген температураға дейін ерітіндінің өзі суытылуын қамтамасыз етеді. Сонан соң, ішінде асылған парафині бар, мұнай өнімі мен пропанның ерітіндісін сүзіп қатты затты бөлектейді.

Ультрасүзілу — мұнай өнімдерін ажыратудың және одан қажетсіз қоспаларды айырудың келешекті тәсілі. Бұл тәсілде, ажырату үшін жартылай өткізгіш жарғақ қолданылады. Жарғақтың Жарғақшаны, бір молекулалар (мысалы ташартылатын мұнай өнімінің) одан өтетіндей, ал қалғаны (қажетсіз қосындылар) оған тұрып қалатындай етіп таңдайды. Жарғақшаны дайындауға полимерлі материалдар — ацетилцеллюлоза, полиакрилнитрид, полиамид, графит, кеуекті шыны т.б. пайдаланады.

Бензиндердің кейбір сипаттары, олардың қоспасында хош иісті және шекті (изоструктуралы) көмірсутектерінің ұлғайуынан, жану тұрақтылығы артады. Хош иісті көмірсутектері пайда болатын реакция, хош иістендіру деп аталады, изомерлі құрамды көмірсутектері пайда болатын реакция — изомерлеу деп, ал, шектелмеген көмірсутектер байланысының қанықтырылуы пайда болатын реакция — қанықтыру деп аталады. Сутегін қосу есебінен болатын қанығуды гидрогenezдеу деп атайды. Бұл реакцияларды

өткізуге риформинг, изомериздау және гидрориформингтеу технологиялық процесстері пайдаланылады.

Риформинг өткізгенде, белгілі жағдайларда арнайы таңдалған катализаторлар қатысуымен шикізаттың көмірсутектерін хош иістендіру және изомерлеу реакциясы өтеді. Риформинг үшін негізгі катализатор — алюмоплатина. Сәйкес процесс платформинг (температура 380...420°C, қысым 3,5 МПа) аталады. Платформинг үшін шикізат күкіртті қоспалардан тазартылған болуы тиіс, себебі күкірт платина катализаторды уландырады. Көбінесе ол гидротазалау арқылы жүргізіледі.

Изомерлеу — молекуладағы атомдарды қайта топтастыру, соның қорытындысында изоструктуралы (изоқұрылымды) молекулалар пайда болады. Изомерлеуге шикізат ретінде жеңіл тікелей айдалған бензин фракциялары пайдаланылады.

Гидрориформинг — хош иісті көмірсутектері санын көбейтуге арналған риформингтің бір түрі. Процесс сутексіздендіру және бір мезгілде көмірсутектерді тұтастандырудан тұрады. Гидрориформинг шикізаты болып ауыр отын фракциялары табылады.

1.6.

СҰЙЫҚ ОТЫННЫҢ ЖАНУЫ ЖӘНЕ ЖАНУ ӨНІМДЕРІ

Жану теориясының негіздері. Жану деп, айтарлықтай жылу және жарық шығаратын (экзотермиялық процесс), жылдам өтетін, отынның ыстық элементтерімен оттегінің қосылу химиялық процессі аталады.

Жану— физикалық және химиялық құбылыс және жылдамдығы олардың өзара әрекеттестігі ерекшеліктерінің қарқындылығымен анықталатын, күрделі физикалық-химиялық процесс. [3].

Барлық химиялық реакциялар көлемді өтетін гомогенді, және фазалар бөлігінің үстінде өтетін гетерогенді болып бөлінеді.

Гомогенді жану – газ түріндегі отынның ауамен қосылған жанғыш қоспаның жануы аталады. Егер қоспа алдын ала дайындалған және химиялық біртекті болса, онда жану процесі ең қарапайым зерттелген жану түрі болып табылады. Гомогенді жанудың жылдамдығы қышқылданудың химиялық реакциясы жылдамдығымен анықталады. Біртекті емес жүйе болып, тұтану және жану орнына отын және ауа бөлек берілетін жағдай табылады. Біртекті емес жану қоспасының гомогенді жануы кезінде жалын түрі және жану жылдамдығы отын мен ауаның диффузионды араласу жылдамдығына байланысты болады.

Гетерогенді жану деп, жанғыш зат пен қышқылдатқыш әртүрлі агрегаттық күйде болатын, мысалы, қышқылдатқыш газ түрінде, ал жанғыш зат сұйық немесе қатты түрде болатын процессті атайды. Ауаны және отынды әперу бөлек жүргізіледі, және гетерогенді жану процесі, жанғыш қоспа пайда болуы және оның жануы бір мезгілде дамуымен сипатталады.

Жану құбылысының ерекшелігі, жану реакциясының жылдам өтуіне қажетті жағдай, осы реакцияның барысында пайда болады. Бұл жағдай не жоғары температура, немесе реакцияны жылдамдататын (катализдеуші), белсенді өнімнің жоғары топтасуына байланысты

Гомогенді реакцияның жылдамдығы w_p , кг/(м³-с), көлем бірлігінде уақыт бірлігіне, және C кг/м³, топтасуының көбейтіндісіне әсерін тигізетін, уақыт бойынша компоненттердің бірі t , с, зат санымен анықталады.

$$w_i = \frac{dC_i}{dt}$$

C_i белгісі жану барысында азаятындықтан жағымды w_i алу үшін формулада «минус» белгісі қойылған.

Гетерогенді реакцияның жылдамдығы үстіңгі бет бірлігіне уақыт бірлігінде әсер етуші зат санымен анықталады.

Реакцияға қатысушы, реакция жылдамдығының заттар топтасуына тәуелділігі дәрежелік заңмен белгіленеді:

$$W_i = K C m^A$$

w — реакция жылдамдығы; K — тек қана температураға бағынышты; C_A, C_B — реакцияға қатысушы А және В заттарының топтасуы, кг/м³; m_A, m_B — А және В заттары бойынша реакция тәртібінің көрсеткіштері ($t_A + t_B = m$ — реакцияның қосынды тәртібі).

K реакциясы жылдамдығының тұрақты шамасының температураға тәуелділігі Аррениус заңымен көрсетіледі:

$$K = K_0 e^{\frac{E}{RT}},$$

K_0 — предэкспоненциалды көбейткіш; E — әсер сезінуші қоспа құрамына тәуелді, белсендірудің молярлық энергиясы, кДж/моль; R — әмбебап газды тұрақты; T — абсолютті температура, К.

Белсендіру энергиясы, молекула реакция әсерін сезуге қажетті, молекулалардың ішкі байланысын босаңсытуға немесе үзуге жұмсалатын химиялық реакция өту үшін қажетті энергия болып табылады.

Отын-ауа қоспасы химиялық жану реакциясы үшін белсендірудің молярлық энергиясы $E = 84... 170$ МДж/моль шегінде болады. Бұл белгілерде E реакция жылдамдығы бірқатар сатыда процесс температурасына байланысты болады. Мысалы, температураның 930-дан 1 700 °С-ға дейін көтерілуі, $E = 84$ МДж/моль болған жағдайда, реакцияның үдеуін 35 есе көтереді, ал $E = 170$ МДж/моль болған жағдайда 1 700 есе. Температураның 930-дан 730 °С-ге дейін төмендеуі реакция жылдамдығын сәйкес 50 және 15 есе төмендетеді. Демек, қозғалтқыш жұмысының барлық режимінде жоғары температураны ұстау, жану процесінің сапалы болуының саңызды шарты болып табылады.

Топтасудағы әсер сезгіш заттар азайюымен, реакция жылдамдығы да жылдам төмендейтіні, гетерогенді реакция тәуелділігі теңдеуінен көрінеді. Тұрақты температурада отынның жанып бітуі бойынша реакция прогрессивті ақырындайды және шегінде, жанғыш зат біткенде нөлге келеді, яғни, отынның толық жанып бітуіне шексіз уақыт керек. Бірақ, егер, отынның толық жануға қажеттілігімен шектелсе (99 %) және процессті 1 200 К төмен емес температурада іске асырса, онда реакция ұзақтығы $10^8...10^4$ аспаса, онда отын жануы жалпы мерзімінен жүздеген және

мыңдаған есе аз болады.

Химиялық кинетика тәуелділігі экспериментті деректермен дәлелденген. Соған қарамастан, кинетикалық қатынастан шығу тиісті реакцияға қарағанда, біршама жылдамырақ, немесе ақырынырақ реакциялар болуы байқалады. Бұл жағдайды, жану реакциясының тізбекті механизмі теориясын жасаушы академик Н. Н. Семенов түсіндірген.

Жанудың тізбекті реакциясы. Көмірсутектерінің газ түріндегі оттегімен қышқылдануы тізбекті механизм бойынша жүреді. Тізбекті деп, белсенді бөлшектер - атомдар, бос радикалдар т.б. қатысатын химиялық реакцияны атайды, белсенді бөлшектің бастапқы молекулаға қарым қатынасы қорытындысында бастапқы молекуламен әсер сезінуші, жаңа белсенді бөлшектер пайда болады. Соның қорытындысында, реакциялық қоспада бір кезде пайда болған белсенді бөлшек, бастапқы молекулалардың көп саны қатысатын, химиялық айландыру тізбегін тудырады. Тізбекті реакция, белсенді бөлшек жойылғанша дейін тоқталмай жүре береді (оның басқа белсенді бөлшекпен, реакциялық ыдыс қабырғасымен,, белсенді қоспалармен т.б. қарым-қатынасы).

Бастапқы молекуламен белсенді бөлшектің өзара қарым-қатынасынан тағы бір жаңа белсенді бөлшек туындайтын тізбекті реакция бұтақталмаған деген атау алған. Бұл реакцияларды 1913 жылы М.Боденштейн ашқан.

1920-шы жылдың соңында Н. Н. Семенов, бастапқы молекуламен бір белсенді бөлшектің өзара қарым-қатынасынан жаңа екі немесе одан көп белсенді бөлшек туындайтын, бұтақталған тізбекті реакцияның болатынын ашқан.

Мысал ретінде, көмірсутекті отындар жану реакциясында ерекшеліктері көрінетін, үлгі ретінде ұсынуға болатын, сутегінің жану реакциясын қарасақ,

Реакцияның туындауы сутегінің белсенді атомдарға ыстықтық ыдырауы салдарынан болады. Тізбектің бірінші тітіргендіргіші М, ол Н» болуы, «ОШ немесе О» болуы мүмкін, Н₂ сутегінің молекуласын белсендіріп, атомарлық сутегіне айландырады:




Атомарлы сутегі Н» оттегі молекуласына әсер етеді:



Сонан соң тізбекке сутегі молекуласы кіріседі де реакция төмендегі теңдеу бойынша жүреді




(1.2) және (1.3) реакция, («ОН, Н», О») өнімнің бірі де соңғысы болмайтын негізгі тізбені құрайды. Пайда болған гидроксил радикалдары «ОН онан арғы реакцияға түседі




Осы реакциялар нәтижесінде сутегі атомы бір циклда үш жана белсенді орталық құрылуына әкеледі — келесі циклда қорытындыны үш есе арттыратын тізбекті қоздырғыш, сөйтіп тізбек прогрессивті түрде барлық сезінгіш қоспада бұтақтана бастайды (1.3 сурет).

Жеке циклдың нәтижесі келесідей




Реакцияның бастапқы даму сатысында, оның жылдамдығы атомарлы сутегінің өсіп келе жатқан топтасуына пропорционалды, демек өздігінен жылдамдауда, деп есептеуге болады. Бастапқы индукция кезеңін барлық бұтақтанған тізбекті реакция сипатты $t_{\text{и}}$, реакцияның негізгі шығыны белсенді өнім шығару химиялық реакциясына жұмсалады, ал реакцияның жылдамдығы өте төмен.

Атомарлы сутегінің топтасуы тұрақтанған соң, реакция жылдамдығы уақытпен өсіп шексіздікке ұмтылады (жанудың жарылысты сипаты) Аз ғұмырлы аралық өнім болғандықтан, бос атомдар мен радикалдар, жану камерасының қабырғаларына соғылып жылдам құриды. Бұл реакцияның тізбе бойынша үзілуіне себеп болады.



1.3.сурет. Жанудың тізбекті реакциясының мысалы



1.4. сурет. Реакция жылдамдығының w_i уақытқа t тәуелділігі
 1 — қарапайым биомолекулярлық реакция; 2 — тізбекті бұтақты реакция; 3 — бұтақты реакцияның бұтақсыз реакцияға ауысуы



Тізбектің үзілу процесі тізбектің бұтақтану процесінен басым болғандықтан реакция жылдамдығы кейбір белгіден соң азая бастайды.

Тізбекті реакция жылдамдығының уақытқа тәуелділігі 1,4 суретте көрсетілген.

1930-шы жылдардың басында, тұрақтылығы төмен аралық өнімдер ыдырауы есебінен бұтақтану пайда болатын бұтақты реакциялардың болатыны анықталған. Осындай тізбекті реакциялар бұтақтары азаюшы реакция атауын алды. Көмірсутектері қышқылдауы — бұтақтары азаюшы реакцияның әдеттегі мысалы.

Көмірсутектері қышқылдауының тізбекті процесі келесі сатылардан тұрады: молекулалардың тітіркенуі, белсенді орталықтардың туындауы, тізбектің жалғасуы, тізбектің бұтақтануы және тізбектің үзілуі.

Көмірсутектерінің газ фазасындағы жоғары температура аймағында қышқылдануында бірінші екі саты бірге, бір элементті акте өтуі мүмкін. Осы себептен молекулалардың тітіркену сатысы өзіндік жеке саты сапасында қаралмайды. Сұйық көмірсутектері қышқылданғанда, осыдан ары көрсетілгендей, молекулалардың тітіркенуі жалпы процесстің жылдамдығын анықтаушы саты болып табылады.

Тізбекті процестің әр сатысы өзіне бірнеше қарапайым реакцияларды жинайды. Олардың көпшілігі жақсы зерттелген [9], бұл көмірсутектерінің қышқылдануының тізбекті процесін келесі схема түрінде көруге мүмкіндік береді (1.3 кесте [9]).

1.3.кесте Көмірсутектерініңқышқылдануының тізбекті процесі

Сатысы	Химиялық реакция	Процесс
0	$RH \rightarrow RH^*$	Молекуллар тітіркенуі
0'	$2RH^* \rightarrow 2R\cdot + H_2$	Орталықтар туындауы
0''	$RH^* + O_2 \rightarrow R\cdot + HOO\cdot$	Тізбек туындауы
1	$R\cdot + R'H \rightarrow RH + R'\cdot$	Тізбектің жалғасуы
1'	$R\cdot + O_2 \rightarrow ROO\cdot$	Тізбектің жалғасуы
2	$ROO\cdot + RH \rightarrow ROOH + R\cdot$	Тізбектің бұтақтануы
3	$ROOH \rightarrow RO\cdot + HO\cdot$	Тізбектердің азаюы
4	$R\cdot + R\cdot \rightarrow RR$	Тізбектің үзілуі
5	$ROO\cdot + R\cdot \rightarrow ROOR$	Тізбектің үзілуі
6	$ROO\cdot + ROO\cdot \rightarrow ROH + R'COR'' + O_2$	Тізбектің үзілуі

Тізбекті процестің жылдамдығын теориялық түрде анықтаудың белгілі қиындықтары бар. Тізбекті процесте тізбектің әр звеносының қарапайым реакциялары өзара байланысты. Тізбекті процестің жылдамдығын анықтау үшін процесске қатысатын, әрбір қарапайым реакциялардың уақыт-кеңістіктегі байланысын анықтау қажет. Жалпы жағдайда мұндай амал, тізбекті процестегі әр өнім топтауы өзгеру жылдамдығын сипаттаушы,

Есептің шешімін қарапайымдандыру мақсатында тізбекті процесс жылдамдығын шығарудың әртүрлі жақындатылған әдістері ұсынылған.

Жанудың негізгі заңдылықтары. Отын жануы, жанбайтын өнімдер пайда болуымен (CO_2 , H_2O) толық жану, және жану өнімінің құрамында CO , CH_4 , H_2 және көмірсутектері бар толық емес жану болуы мүмкін. Құрамында көмірсутектері және H_2 болуы, толық жанбауда өте аз, сондықтан оны көп еленбейді. Бұл жағдайда толық жанбау көрсеткіші болып көміртек тотығы CO табылады.

1.4 [6] кестеде отынның жанушы элементтерінің есептегі реакциясы және олардың жылулық әсері келтірілген.

Гесстың, жылудың тұрақты қосындасы аталатын заңының[3] термохимиялық заңы бойынша бөлінген жылу мөлшері

1.4. кесте Отынның жану элементтерінің термохимиялық сипаттамасы және жану реакциясының и формулалары

Жанғыш элемент	Реакция формуласы, сезгіш заттардың салмақтық және молекулярлық қатынасы	Жылу бөлу, МДж/кг (МДж/моль)	Ескерту
Көміртек	$C + O_2 = CO_2$	33,7 (404,3)	Көміртектің толық жануы
Көміртек	$C + 0,5O_2 = CO$	10,2 (112,6)	Көміртектің толық жанбауы
Сутек	$H_2 + 0,5O_2 = H_2O$	120,8 (241,6)	Соңғы өнімнің бұ тектес жағдайы
Сутек	$H_2 + 0,5O_2 = H_2O$	142,96 (286,3)	Будың суға айналу жағдайында
Көміртек тотығы	$CO + 0,5O_2 = CO_2$	23,5 (291,7)	—
Күкірт	$S + O_2 = SO_2$	9,03 (289,7)	—
Метан	$CH_4 + 2O_2 = CO_2 + 2H_2O$	55,18 (881,1)	Соңғы өнімнің бұ тектес жағдайы
Көмірсутектер	$C_n H_m + n + \frac{m}{4} O_2 = nCO_2 + \frac{m}{2} H_2O$	43...45 (435...505)	

химиялық реакцияда аралық өзгерістерге байланысты емес, процеске қатысушы жүйенің бастапқы және соңғы жағдайымен анықталады. Осы заңға сәйкес, жану реакциясы барысында бөлінген жылу мөлшерін анықтау үшін, барлық аралық реакциялар мен олардың бірізділігін білу қажет емес, реакцияның тек бастапқы және соңғы өнімін білу қажет.

1.5. кесте. 1 кг отын жануындағы теориялық қажетті ауа мөлшерін анықтау

Көрсеткіш	Есептеу формуласы
$V_0, \text{м}^3/\text{кг}$	$(1,866K_p + 5,5H_p - 0,70p)/21$
$L_0, \text{кг}/\text{кг}$	$(2,67C_p + 8H_p + S_p - O_p)/23$
$M_0, \text{моль}/\text{кг}$	$(C_p/12 + H_p/4 + S_p/32 - O_p/32)/21$

Ескерту. V_0, L_0, M_0 — 1 кг отын жану үшін теориялық қажетті, көлемді, салмақты және молярлы ауа мөлшері; K_p — келтірілген көміртек $K_p = C_p + 0,375S_p$; C_p, H_p, S_p, O_p — отын құрамындағы көміртек, сутек, күкірт және оттегі.

Мысалы, көміртек жанғанда соңғы өнім CO_2 пайда болады, ол, көміртектен бір және екі сатыда көміртектен ғана алынуы мүмкін: алдымен оттегінің жеткіліксіздігінен CO пайда болады, сонан соң ол CO_2 дейін жағылады. Көміртектің жанудан жылу әсері екі сатыда да бірдей.

Отын жану үшін қажетті ауа мөлшері, және жану барысында пайда болатын газ көлемі.

1.6. кесте. 1 кг. отын толық жанғанда пайда болатын жану өнімдері мөлшерін анықтау, $\text{м}^3/\text{кг}$.

Көрсеткіш	есептеу формуласы
v_{CO_2}	$0,01855C_p$
v_{SO_2}	$0,00683S_p$
$v = v_{\text{CO}_2} + v_{\text{SO}_2}$	$0,01855K_p$, где $K_p = C_p + 0,3755S_p$
$v_{\text{H}_2\text{O}}$	$0,0124(9H_p + W_p)$
v_{N_2}	$0,79 V_g + 0,008N_p$
v_{O_2}	$0,21(a - 1)V_0$
E_{V_c}	$0,01855K_p + 0,79V_g + 0,08N_p + 0,21(a - 1) V_0$

Ескерту: 1. 1.5 кестеге ескертуді қараңыз.

2. W_j , — отынның жұмыс салмағының ылғалдылығы; V_g — 1 кг отын жану үшін нақтылы ауаның көлемдік мөлшері; N_p — отын құрамындағы азот; a — артық ауа коэффициенті.

Белгіленген құрамдағы 1 кг. отын жану үшін **теориялық қажетті** ауа мөлшері (C_p, H_p, S_p, O_p) 1.5 [7] кестеде келтірілген формулалар бойынша есептеледі.

Нақтысында жануға қажетті ауа мөлшері, артық ауа коэффициентіне теориялық қажетті ауаны көбейту арқылы шығарылады:

$$V_g = a V_0; L_g = a L_0; M_g = a M_0,$$

мұнда a — артық ауа коэффициенті (дизелдер үшін $a = 1,4...2,0$, бензинді қозғалтқыштар үшін — $a = 1,0.1,2$).

Жобалауда тәжірибелік есептеулер үшін шығарылатын газдар топтануындағы әр газдың көлемін, сонымен қатар, олардың жалпы көлемін анықтау қажет. Анықтау, отынның берілген элементтік құрамы бойынша және артық ауа коэффициентінің тәжірибелік деректері негізінде жүргізіледі.

1.6 [7] кестеде отынның толық жануындағы өнімдер көлемінің, құрғақ газдардың қосынды көлемін анықтау үшін есептеу формулалары келтірілген.

1.7.

ОТЫН ЖАНУЫНЫҢ ЖЫЛУЫ

Жанудан жылу бөлінуі, кез келген отынның негізгі энергетикалық сипаттамасы болып табылады. Жану жылуы деп, тұрақты қысым мен температурада сұйық және қатты отынның салмақ бірлігінде, немесе газ тәріздес отынның көлем бірлігінде толық жанғанда шығарылатын жылу санын атайды. Жанудың ең жоғарғы және ең төменгі жылуын ажыратады. **Жанудың ең жоғарғы жылуы O_g** деп, булардың суға айналу жылуын ескере отырып, отынның толық жанғанда шығаратын жылу санын атайды. **Жанудың ең төменгі жылуын O_n** анықтағанда, жану өнімдері құрамындағы будың суға айналғанда шығатын жылу ескерілмейді. Қозғалтқыштан шығып қалатын жану өнімдерінің температурасы, су булары қайта суға айналатын температурасынан әлдеқайда жоғары, сондықтан буға айналуындағы жылу қайтарылмастай жоғалтылады. Осы жағдайдың салдарынан, есептеу кезінде тек жану жылуының ең төменгі белгісі қолданылады O_n .

Жану жылуын анықтаудың дәл тәсілі болып отынды ГОСТ 21261—91 бойынша калориметрмен жағу табылады. Жану жылуын тәжірибелік түрде анықтау көп еңбекті талап ететін күрделі жұмыс, сондықтан көптеген есептеулерде, дәлдігі $\pm(2.4) \%$. әртүрлі эпирикалық формулалар пайдаланылады. Жану жылуының меншікті жоғарғысы Q_v , кДж/кг, және төменгісі Q_n , кДж/кг,

көбінесе отынның элементтік құрамы бойынша Д.И.Менделеевтің формулалары бойынша есептейді: сұйық және қатты отын үшін

$$Q_{\text{с}} = 339C + 1\,256H - 109(O - S);$$

$$Q_{\text{к}} = 339C + 1\,030H - 109(O - S) - 25,12$$

W ; газ тәріздес отын үшін

$$Q_{\text{с}} = 128(\text{CO} + \text{H}_2) + 399\text{CH}_4 + 639\text{C}_n\text{H}_m;$$

$$Q_{\text{к}} = 128C + 108\text{H}_2 + 356\text{CH}_4 + 589\text{C}_n\text{H}_m.$$

Отынның әр түрі әртүрлі құрамнан, химиялық және физикалық қасиеттерден және әртүрлі жану жылуынан тұрады. Отындардың әртүрін салыстыру, тапсырыс беру, қорды есептеу, бір отынды екінші отынмен алмастырудың ыңғайлылығы үшін эталон белгіленген. Эталон сапасында, жану жылуы сұйық және қатты отын үшін бірдей 29 307 кДж/кг тең, ал газ тәріздес үшін— 7 000 кДж/кг шартты отын алынған. Калориялық және техникалық эквиваленттері ажыратылады. Ең кеңінен тараған калориялық эквивалент Э (1.7 [8] кестеде).

1.7. кесте. Отынның негізгі түрлерінің калориялық эквиваленті

Отын	Жанудың меншік жылуы $Q_{\text{с}}$, кДж/кг	Калориялық Эквивалент белгісі Э, кал
Шартты	29 300	1,00
Тас көмір	29 300	1,00
Антрацит	30 230	1,03
Қоңыр көмір	14 250	0,49
Торф	13 440	0,46
Ағаш отын	12 560	0,43
Мұнай	41 900	1,42
Бензин	45 200	1,57
Дизельдік отын	42 700	1,45
Мазут	41 450	1,40
Газдар:		
табиғи	35 600	1,21
Жарық беретін	18 000	0,63
сұйытылған	46 000	1,56

Табиғи отынды шартты отынға ауыстырғанда төмендегі формула бойынша калориялық (отындық) эквивалентпен анықтайды

$$29,3'$$

Жану деп жылу және жарық шығаратын жылдам өтетін реакцияны атайды. Әдетте жану — отынның ауа оттегімен қосылуынан немесе басқа қышқылдатқыштармен қосылуы арқылы болатын қышқылдану процесі. Реакция пайда болу үшін, отын және қышқылдатқыш, отынның химиялық құрамынан, және физикалық қасиеттерінен тұратын, оттегінің топталуына, қосынды пайда болу тәсілінен және қоршаған орта температурасына байланысты өзіндігінен тұтануын (1.8 [8] кесте) тудыратын температураға дейін қызу керек [7].

Жану процесінің жылдамдығын келесі факторлар анықтайды: жағатын отынның түрі мен агрегаттық жағдайы (сұйық, қатты газ тәрідес); отын мен қышқылдатқыштың қатынасы; қоспа пайда болу жағдайы; отын бетінің жағдайы; жану процесінің температурасы; жану өнімдерінің аулақтатылу қарқындылығы; қышқылдатқыш түрі (ауа оттегі немесе таза оттегі); жағуды іске асыратын агрегаттардың құрастырылымы. Процестің қалыпты ағымында жану жылдамдығы 20...40 м/с құрайды. Жану процесіндегі газдардың температурасы 1 500.2 200°C дейін жетеді [7]. Кез келген отынның әсерлі жану процесі, толық жану үшін қажетті оттегін дұрыс есептеу арқылы іске асырылады. Жану заңы негізінде [7] жану үшін қажетті оттегі көлемі 1 кг немесе 1 м³ отынға есептеледі.

1.8. кесте. Жанғыш заттардың өздігінен тұтану температурасы

Жанғыш заттар	Өздігінен тұтану температурасы, °C	Жанғыш заттар	Өздігінен тұтану температурасы, °C
Торф	225.230	Дизельді отын	240.300
Ағаш отын	Шамамен 300	Бензин	415.425
Ағаш көмірі	350	Көміртек тотығы	650
Тас көмір	470	Метан	шамамен 700
Кокс	700	Сутек	580

Нақтылы жағдайда есепті ауа мөлшерімен (теориялық қажетті) отынның толық жануын қамтамасыз ету ауыр. Сондықтан тәжірибеде ауаны артықтау береді, ал жану процесін жану өнімдерінің құрамы бойынша немесе құралдардың әперетін ауасының (шығын өлшегіш, диафрагма, сопло) ГОСТ 18509 — 88 және ГОСТ 14846 — 81 бойынша, мөлшерін нақтылы есептеумен анықталатын, нақтылы ауа мөлшерімен іске асырылады. Нақтылы шығындалған ауаның теориялық қажетті ауаға қатынасы артық ауа коэффициенті деп аталады.[7]. Ауа мөлшері мен отынның ара қатынасына байланысты қоспа қалыпты, жұтаң және бай бола алады. Қозғалтқыштың жұтаң немесе бай қоспаларда режимді жұмыс істеуі пайдасыз болады. Артық ауа коэффициентінің мүмкіндігінше аз мөлшерімен отынның толық жануын қамтамасыз етуге тырысу керек. Отын түріне және оның жану жағдайына байланысты артық ауа коэффициенті (1.9 [7]) кестеде ажыратылған.

Нақтылы қозғалтқыштарда толық жануды қамтамасыз ету мүмкін емес, сондықтан пайдаланылған газдарда отынның толық жанбауынан түсетін өнімдер болады. Пайдаланылған газдардың негізгі құрамдастары болып көміртек тотығы CO , көміртек C , әртүрлі қарапайым және күрделі құрылған көмірсутектер C_nH_m , азот тотығы NO_x , сутегі H_2 , күкірт тотығы SO_2 и SO_3 , альдегидтер RCHO , күкіртті сутектер H_2S , бензо(а)пирен (көпоралымды көмірсутектер) $\text{C}_{20}\text{H}_{12}$, пирен, антрацен және т.б. Жану өнімдерінің толық мөлшері ішкі жану қозғалтқыштарын сынақтан өткізу кезінде, газ сараптауыштарды пайдалана отырып ГОСТ 18509 — 88 және ГОСТ 14846 — 81 бойынша есептейді.

1.9. кесте. а Ауа артықшылығының коэффициентінің шамамен белгісі

Отын	а	Отын	а
Газ тәріздес	1,05... 1,20	Торф, ағаш, қоңыр көмір	1,50.2,00
Бензин	0,9... 1,15	Тас көмір	1,30.1,90
Дизельді отын	0,8... 1,0	Антрацит, кокс	0,8... 1,0
Моторлық отын	0,8... 1,0	Ауыл шаруашылық өндірісінің қалдықтары сельхозпроизводства	1,60.2,00
Шаң тәрізді отын	0,8... 1,0		

1.10. кесте. Өздігінен тұтану шегі. Жанғыш заттардың айналым %,		
Жанғыш заттар	Өздігінен тұтану шегі	
	Төменгі	Жоғарғы
Бензин	1,7	5,4
Фросин	2,4	6,0
Дизельді отын	2,5	6,0
Метан	1,4	5,7
Метил спирті	5,5	21,0
Этил спирті	4,0	13,7
Көміртек тотығы	16,4	75,0
Сутек	9,4	66,5

Отынның *өздігінен тұтану шегі* деп, қоспаның өзі тұтанып жана бастауы мүмкін болатын, жанғыш зат және ауа мөлшерінің өзара қатынасы аталады. Отын-ауа қоспасының жоғарғы және төменгі өздігінен тұтану шегі ажыратылады (1.10 [8]) кесте.

Температура мен қысымның жоғарылауы өздігінен тұтану шегін кеңейтеді. Сұйық мұнай отындарының барлық түрінің өздігінен тұтану шегі өзара бір мөлшерде. Қозғалтқыштардың өздігінен тұтану шегіне жақын қоспалармен жұмыс істеуі экономикалық пайдасыз.

1.11. кесте. Отын және жанғыш қоспалар жануының меншік жылуы

Отын	Ауаның есептік салмағы, кг, 1 кг отынға	Жанудың меншік жылуы, кДж/кг	
		отынның	Жанғыш қоспаның
Автокөлік бензині	14,8	43 961	2 780
Авиация бензині	14,9	44 380	2 788
Дизельді отын	14,4	42 705	2 767
Этил спирті	8,4	25 956	2 763
Бензол	13,2	39 356	2 771

Ес

Сұйық мұнай отындарының барлық түрінің меншікті жану жылуының айырмашылығы болымсыз: 42 500...44 300 кДж/кг құрайды. Жанғыш қоспаның жану жылуы отынның шығарған жылуының көлемі және ауа көлеміне байланысты (1.11 [8] кесте).

Отын жану жылуы неғұрлым жоғары болса, оның жұмыс бірлігіне шығыны аздау болады (отын бағының көлемі кіші, отын құю сирегірек).

Заттың **жылу сыйымдылығы** деп оның температурасын 1°C өзгертуге қажетті жылу мөлшерін атайды. Салмақтық, көлемдік және молярлық жылу сыйымдылығы болады (1.12 [8] кесте). Бензиннің, дизелді отынның, жағар майлардың құрамына кіретін көмірсутектерінің салмақтық жылу сыйымдылығы болымсыз өзгереді — 1,7.2,8 кДж/(кг· $^{\circ}\text{C}$).

Температура жоғарылағанда жылу сыйымдылығы өседі, ал мұнай өнімдерінің тығыздығы ұлғайса — төмендейді.

Заттың **жылу өткізгіштігі** (жылу өткізу коэффициенті) — осы заттың қалыңдығы 1 м. қабатынан, температура айырмашылығы 1°C . жағдайында 1 м^2 арқылы 1 сек. өтетін жылу саны. Мұнай өнімдерінің жылу өткізгіштігі шамамен $0,1\text{ Вт}/(\text{м}\cdot^{\circ}\text{C})$.

1.8.

МҰНАЙДЫҢ СҰЙЫҚ ОТЫНДАРЫ

Жылу қозғалтқыштары үшін отындарға келесі талаптарға жауап беруге тиіс:

- Барынша толық жанып және буланып, барынша жылу шығару (әсерлі энергия тасымалдағыш болуға); тасымалдағанда, сақтағанда, кез келген климаттық жағдайда қоректендіру жүйесі бойынша әперуде қиыншылық туғызбау;
- қамтамасыз етілген қымбат емес шикізат ресурсы болу. Сонымен қатар барлық пайдалану мүмкін жағдайларда кепілді болуға:
- отын құбырлары және отын жүйесі элементтерінде жақсы сорылуға;
- ұзақ сақталғанда жоғары тұрақтылығына;
- отын жүйесі және сақтау құралдары бөлшектеріне қатысты ең аз тотығуына;
- төмен улылыққа;
- сенімді қоспаға айналуға, яғни жабысқақтық, тығыздық,

фракциялық құрам, жоғарғы бет керілуі және қаныққан булар қысымының оңтайлы белгілеріне;

- ішкі жану қозғалтқышының барлық жұмыс режимінде жану процесінің жоғары әсерлілігі; пайдаланылған газдарда күйе, аса улы және канцерогенді өнімдер құрылмай толық жануы;
- жану камерасында күйе және шөгінділердің ең төмен болуы.

1.13. кесте. Мұнайдың сұйық отындарының жіктелуі		
Отын топтары	Отынның топ бөліктері	Белгіленуі
Бензин	Авиациалық Автокөліктік	Б А
Газотурбиналық	Реактивтік Кемелер және тұрақты энергетикалық қондырылымдар үшін	Р Г
Дизельді отын	Жылдам жүретін дизельдер үшін	Д
Кемелер отыны	Орта және шамалы габаритті дизелдер үшін (дистилляты және қалдық)	СТ
Мазут	жанатын Мартендік	М МП
Тұрмыстық	Пешке Фросин	П К

Отын тапшы болмай, жеткілікті шикізат қоры болуы тиіс. Отынды өндіру, сақтау және тасымалдау экономикалық орынды болуы тиіс. Кемелік энергетикалық қондырылымдар әруақытта отынды алдын ала дайындау жүйесімен жабдықталғандықтан (тазарту, жылыту) бұл отындар сапасына , автотракторлық және басқа қозғалтқыштарға қарағанда талаптар төмендеу.

Аталған талаптарды ең жоғары мөлшерде мұнайдың сұйық отындары (ГОСТ 26098 — 84) қанағаттандырады. Оларды, жану жылуының жоғарылығы, біршама төмен құны және пайдалану ыңғайлылығына байланысты кеңінен пайдаланады. Мұнайдың сұйық отындары күл қалтырмайды, құбырлар бойымен жақсы тасымалданады және басқа да көптеген қасиеттері бар.



1.5. сурет. Жылу қозғалтқыштары үшін сұйық отындарды жіктеу

Осының барлығы мұнайдың сұйық отындарын бүкіл әлемде әр санаттағы қозғалтқыштар үшін энергияның басты көзі болуына әкелді, және солай болып қалуда (1.13 [3] кесте).

Жылу қозғалтқыштары үшін сұйық отындарды жіктеу (ГОСТ 4.25 — 83) (1.5сурет), сұйық отын ретінде мұнайдың барлық фракциясы пайдаланылатынын дәлелдейді. Бірақ отынды ішкі жану қозғалтқыштарында пайдалану әсерлілігі жоғары. Сондықтан ішкі жану қозғалтқыштары үшін, мұнайдан алынатын отын мөлшері, мұнай өңдеу өнеркәсібінің, мұнайды өңдеу тереңдігі секілді, маңызды көрсеткішін сипаттайды. Қазіргі уақытта барлық өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде мұнайды өңдеу тереңдігі 50...70% құрайды, және осы көрсеткішті ары қарай өсіруге шаралар қолданылуды[9].

2.1.

ДИЗЕЛЬДІ ОТЫНДАР**ДИЗЕЛЬДІ ОТЫНДАР САПАСЫНА ТАЛАПТАР**

Дизелді отын — парафинді (10... 40%), нафтенді (20.60%) және хош иісті (14.30%) көмірсутектерінен және олардың молекулярлық салмағы 110.230, 170.380 °С. шегінде қайнайтын туындыларынан тұрады. Тұтану температурасы 35.80°C, қатуы —5°C төмен. Отынның суда еруі шамамен $9 \cdot 10^{-5}$ кг/кг, оттегі— (3,3...3,5) $\cdot 10^{-6}$ м³/кг. Сыну көрсеткіші 1,37.1,58; жоғарғы беті керілуі (30.31) $\cdot 10^{-3}$ Н/м; қатынасты диэлектрикалық өтімділігі 1,8.2,1; меншік қарсыласуы (2.3) $\cdot 10^{10}$ Ом-м; меншік өткізгіштігі (600.1 200) $\cdot 10^{-12}$ Ом⁻¹-м⁻¹; меншік жылу сыйымдылығы 1,9.2,6 кДж/(кг-°C); жылу өткізгіштігі 100°C-да 0,14 Вт/(м-°C) ; көлемі кеңуінің температуралық коэффициенті 0,0012 °C⁻¹; булану жылуы 234.270 кДж/кг [6].

Аграрлық өндірістерде дизелді отын трактор, комбайн, үлкен жүк тасымалдау автокөліктерінде, және тұрақты қозғалтқыштарда пайдаланылады. Дизелдің қасиеттері: қысылудың үлкен сатысы — үлкен қуаттылығы және тарту күші; жоғары үнемділігі (бензинді қозғалтқыштармен салыстырғанда отынның меншік шығыны 25 . 30 % кем); бензинмен салыстырғанда арзан бағасы; сенімділігі және пайдалану ұзақтығы; бензинмен салыстырғанда өрт қаупі төменірек; бензинді қозғалтқыштармен салыстырғанда пайдаланылған газдар уыттылығы 4 есе кем; отынның неғұрлым кең фракцияларын

пайдалану мүмкіндігі; жақсы қабылдағыштығы және салмақ түсу ежиміне қыздырмай ауысу мүмкіндігі.

Дизелдерде иінді біліктің бұрылу бұрышы 20.25° құрағандағы мерзімде, қоспа жасалу және отын жану күрделі процестері жүреді. Дизель жылдам жүрісті болған сайын, бұл процестер жылдамырақ өтеді

Иінді біліктің біркелкі айлану жиілігінде, дизелде өоспа жасауға және жануға уақыт, бензинді қозғалтқышқа қарағанда, 10-15 есе аз жұмсалады.

Дизелдің сенімді, үнемді, және ұзақ мерзім жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін отын келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- жоғары қысымдағы отын сорғыштың сенімді және іркіліссіз жұмыс істеуі үшін жақсы сорылуға (оңтайлы жабысқақтық, қажетті төмен температуралық қасиеттер, құрамында су және механикалық қосындылар болмауы);
- жұқа шашырату және жақсы құрам жасауды қамтамасыз ету (оңтайлы кинематикалық жабысқақтық, және фракциялық құрам);
- дизелді жеңіл қосуды және оның орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, күйе қалдырмай толық жану (оңтайлы химиялық және фракциялық құрам және сәйкес кинематикалық жабысқақтық);
- цилиндрлі поршенді (піспек) топтың бөлшектерінде күйені мүмкіндігінше болдырмау (оңтайлы химиялық және фракциялық құрам, тазартудың тереңдігі мен тәсілдері);
- металлдардың тоттануына болдырмау (күкіртті қоспалардың, органикалық және минералды қышқылдар, су болуына немесе болмауына байланысты);
- әсерлі энергия тасымалдаушы болу, яғни, дизелдің жұмыс істеуінің барлық режимінде жану процесінің әсерлілігін қамтамасыз ету үшін жану жылуының белгісі жоғары болуы;
- тұрақты болу, яғни, көп сақталғанда қасиеттерін өзгертпеу (бастапқы шикізат жағдайы, тазарту тәсілі, қоспалардың болуы және енгізілген қоспалар саны).

Орта айналымдағы, және аз айналымдағы дизелдермен салыстырғанда, жылдам жүретін дизелдерге арналған отын сапасына талаптар жоғары.

Дизелдерге арналған отын сапасына талаптар [7] иінді біліктің айналу жылдамдығына байланысты (2.1 кесте).

Дизелдерді сенімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін отынның екі түрі шығарылады:

- жылдам жүретін дизелдерге арналған отын;
- орта және аз айналымды дизелдерге арналған моторлық отын.

Жылдам жүретін дизелдерге арналған отын мемлекетаралық (ГОСТ 305 — 82) стандарт бойынша шығарылады

Жоғары айналымды ($n > 1500 \text{ мин}^{-1}$)	Автокөліктер, тракторлар, тепловоздар, аз көлемді өзен кемелері, теңіз кемелері, тұрақты қондырылымдар	Жоғары айналымды дизелдер отыны, кемелік жабысқақтығы аз отындар
Орта айналымды ($250 < n < 1500 \text{ мин}^{-1}$)	өзен кемелері, теңіз кемелері, тұрақты қондырылымдар	Жабысқақтығы орташа кеме отындары
Аз айналымды ($n < 250 \text{ мин}^{-1}$)	Үлкен өзен және теңіз кемелері, танкерлер	Жабысқақтығы жоғары отындар, флоттық мазут

Отынның үш маркасын өндіру жолға қойылған: жаздық — Л (қоршаған орта ауасының оңды температурасында дизелді пайдалануға); қыстық — З (дизелдерді - 20 °С және одан жоғары температурада пайдалану); арктикалық — А (дизелдерді - 50 °С және одан жоғары температурада пайдалану). Отынның аталған маркалары күкіртті де және аз күкіртті мұнайдан шығарылады.

2,1 кесте. Дизелдерге арналған отын

Примечание. n — частота вращения коленчатого вала дизеля.

Орта және аз айналымдағы дизелдерге отын ГОСТ 1667 — 68 сәйкес екі маркада шығарылады: моторлық отын ДТ, отынды алдын ала дайындау құралдарымен жабдықталмаған, тұрақты қондырылымдар дизелдеріне (дизелдік электр стансалары); моторлық отын ДМ отынды алдын ала дайындау құралдарымен жабдықталған, тұрақты қондырылымдар дизелдеріне.

2.2. ДИЗЕЛДІ ОТЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАСИЕТТЕРІ

Пайдалану қасиеттері деген — оны техникада пайдалану процесінде көрінетін, отынның ақиқатты ерекшеліктері. Пайдалану деген, отынды өндіргеннен бастап ол толық жанғанша жүретін процесс.

Отынның тағайындалуына сәйкес, жану процесі оның пайдалану қасиеттерінің ең бастысы болып жану процесі табылады. Басқа сөзбен айтқанда, отынның пайдаланудың барлық режимінде толық және біркелкі жануға, соның барысында мүмкіндігінше көп жылу бөлуге қабілеттілігі — оның ең басты пайдалану қасиеті. Аталғандай, пайдалану қасиеті отынның бірнеше көрсеткіштерімен белгіленеді — жану жылуы, детонациялық тұрақтылығы, тұрақты жану шегі т.б. Көрсеткіштердің осы топтамасы бір пайдалану қасиетіне бірігіп — ыжанғыштық атауын алды (бұл термин кеңінен тарамаған, бірақ ГОСТ 4.25 — 83 енгізілген).

Отынның жану процесінің алдында оның булану, тұтану тағы көптеген процестер бар. Отынның осы процестердің әрқайсысындағы сипаты отынның негізгі пайдалану қасиеттерін құрайды. Қазіргі кезде стандарттың ұсынысымен отынның келесі пайдалану қасиеттері қаралып бағалануда:

- қоспа құрылуы;
- булануы;
- өздігінен тұтануы;
- күйелені қасиеттері;
- тотыққыш қасиеттері;
- тозуға қарсы қасиеттері;
- төмен температуралық қасиеттері;
- тұрақтылығы;
- өртке қауіптілігі;
- экологиялық қасиеттері.

Қоспа құрылуы — отынды жану камерасына, шашқан сәттен бастап оталуға дейін өтетін күрделі физикалық және химиялық құбылыстар кешені. Дизелде отын, иінді біліктің бұрылуының бірнеше градусына дейін, жоғары өлі нүктеге поршень(піспек) жеткенше дейін, камераның қысымдағы ауа ортасына шашыратылады. Иінді біліктің айлану жиілігі $2\ 000\ \text{мин}^{-1}$ кезіндегі қоспа құрылу уақыты $2...3\ \text{мс}$ құрайды. Қоспа құрылу және толық булану жылдамдығы дизелдің жану камерасындағы қысымға, ауаның ұйтқуына, отынды шашыратқанда әперу сенімділігі және шашу сатысына, отынның физикалық-химиялық қасиеттеріне байланысты.

Жану камерасындағы температура және қысым қысу сатысымен, дизелді салқындату, иінді біліктің айлану жиіліні, үрлеудің болуынан анықталады. Дизелдің жұмысы кезінде температура және қысым иінді біліктің айлану жиілігіне байланысты: ол азайғанда температура төмендейді, отынды бүрку қысымы төмендейді, цикл мерзімі ұлғайып, қоспа құру және отынның жану сапасы төмендейді. Қоспаның дұрыс жасалуының және жануының сенімділігі дизелді отынның тазалығына байланысты болғандықтан отын әперілуінің сенімділігі қажетті шарттың бірі. Механикалық қоспалар сүзуші элементтерді бітеп бөлшектердің прецизионды тозуын жылдамдатады. Бұл, қысымның төмендеуіне және отынды кезеңдеп әперуге, бүрку қысымының азаюына, форсунка бүріккіші инесінің астынан отынның ағуына алып келіп, дизелдің жұмысын толығымен бүлдіреді. Дизелді отын құрамында су болуы, бөлшектердің тоттануынан, отын әперу сенімділігін төмендету себебі болып, қыс мерзімінде дизелді қосу қиындайды. Қоспа құру және булану үшін ең қолайлы жағдай отынды өте ұсақ бөлшектерге бөлуде пайда болады (бүрку).

Дизелде отын бүрку компрессорлы және компрессорсыз болады. Қазіргі заман дизелдері компрессорсыз; оларда ағынды (тікелей бүрку) немесе камера алдындағы (бөліп бүрку) бүрку қолданылады. Ағынды бүркуде отын, құйынды қозғалатын, қысылған ауа ортасына түседі. Қоспа құрудың сапасына бүрку сатысы және бүркілетін отын ұзындығы әсер етеді. Бүрку сатысы отын тамшыларының диаметрімен және олардың біркелкілігімен бағаланады. Пайда болған тамшылар мөлшері отын бүрку қысымына байланысты: оның көбеюімен ағын жылдамдығы өседі, тамшылар диаметрі азаяды. Ағын ұзындығы ұзын болған сайын, отын тамшылары ауамен жақсырақ араласып, жану камерасының барлық көлеміне жақсы тарайды. Бүркудің жіңішкенлігі мен біркелкілігіне цилиндрдегі қарсы қысым (қысу қысымы) және форсунка бүріккішінің сопло(шүмек қақпақ) диаметрі әсер етеді. Қарсы қысымның ұлғаюы (отын бүркілетін, орта тығыздығының жоғарылауы) бүркуді

жақсартады. Ол, сонымен қатар, отын ағын жылдамдығын жоғарылату есебінен форсунка бүріккішінің сопло диаметрі кішірейгенде де жоғарылайды. Ағынды бүркудәң кемшілігі –дизелдің қатты жұмыс істеуі және оның бөлшектеріне динамикалық жүктеулер жоғарылауы. Құндылығы— қосу жеңілдігі және жоғары үнемділігі. Камера алдындағы бүріккішті дизелдерде қоспа жасау, отынның неғұрлым толық жануы, меншік шығынның азаюы, поршеннің жылу кернеулігі азаюы және отын бүркудің онша үлкен емес қысымы есебінен, жақсырақ жүреді.

Қоспа жасау процесіне отынның физикалық-химиялық қасиеттері: жабысқақтығы, тығыздығы, механикалық қоспалар мен судың болуы, лайлану, кристалдану, қату температурасы да әсер етеді.

Булану - отынның сұйық түрден бу тәрізді жағдайға ауысу толықтығы мен жылдамдығын сипаттайды. Отын жақсы бүркілсе, ол булануда үлкен ауданға тарайды. Тамшылар диаметрінің азаюымен олардың қызу жылдамдығы өседі, демек, бүрку сапасы жақсарған сайын, бүркілетін отын булануының жылдамдығы жақсарады. Буланудың отын тандауда мағынасы зор және көпшілігінде дизелдердің техникалық-экономикалық және пайдалану сипаттамасын анықтайды. Булану процесі тұтану және жану процестерінің алдында өтеді, сондықтан олардың өту сипатын анықтайды. Сонымен қатар, булану отынның неғұрлым жеңіл құрамдастарын жоғалтуды шақырады, булану нәтижесінде отын сапасының біршама өзгеруі мүмкін. Сұйық санының бірлігін, тұрақты қысым және қалыпты қайнау температурасында қаныққан буға айналдыру үшін қажетті жылу мөлшері булану жылуы деп аталады. Булану жылуы - бензиннің негізгі мұнай фракциясы қалыпты қысымында — 290... 315 кДж/кг, керосинде — 250...270 кДж/кг, дизельотынында — 190.230 кДж/кг. Моторлық отындардың булану жылуы олардың фракциялық құрамына байланысты. Булану отынның физика- химиялық сапасы көрсеткіштері бойынша: фракциялық құрам, цетанды сан, бет қабатының керілуі және тұтану температурасы бойынша анықталады.

Өздігінен тұтану отын булары және ауа қоспасының тұтану процесінің ерекшеліктерін сипаттайды. Дизелдің, жұмсақ не қатты жұмыс істеуін сипаттайтын дизелді отынның қасиеттері оның өздігінен тұтануы бойынша бағаланады. Дизелді отынның өздігінен тұтануына құрылымдылық және пайдалану факторлары әсер етеді, қысу сатысын жоғарылатуға, дизель цилиндріндегі ауа қысымы мен температурасын оң әсер етеді (бұл жағдайда жану процесі жақсарып, дизель жұмсақ жұмыс істейді). Өздігінен тұтану кезеңін кідіртудің айтарлықтай маңызы бар. Отынды ерте бүрку бұрышының үлкеюі, отынның уақытынан бұрын жанып кетуіне қысымның поршень

жоғарғы өлі нүктеге келгенше қысымның ~~пайдалы жұмыс істеуіне~~ ^{жоғарылауына} әкеледі. Дизель қуатын жоғалтып қатты жұмыс істей бастайды. Дизелдің қатты жұмыс істеу кезінде цилиндрлі поршеньді топ бөлшектеріне жүктелу жоғарылап, олардың қарқынды тозуын шақырады. Отынды ерте бүрку бұрышының кішіреюі отын бөлігінің кеңею сызығында жанып бітуіне әкеледі, ол түтінденуді жоғарылатады және дизелдің пайдалы іс коэффициентін төмендетеді. Жану камерасының құрылымы ауаны қысқанда қарқынды құйындатуды қамтамасыз етуге тиіс, ол отынның жылу және булану мерзімін қысқартады және өздігінен тұтанудың кідірісін азайтады. Поршеньдар үшін материал ретінде шойынды пайдаланған тиімді, өйткені ол жылуды аз өткізеді. Шойыннан жасалған поршеньдарда ауа және отын қарқынды жылиды, ол, өздігінен тұтану кідірісі мерзімін азайтады. Отынның химиялық құрамы өздігінен тұтануды кідірту мерзіміне айтарлықтай әсер етеді. Өздігінен тұтанудың ең төмен температурасы парафинді көмірсутектерінде Олардың молекулярлық салмағы жоғары болған сайын, өздігінен тұтану температурасы төменірек болады. Өздігінен тұтанудың бағалық көрсеткіші болып цетанды сан есептеледі.

Күйіктену қасиеттері — отынның жану камерасында, отын жүйелерінде, енгізу және шығару қақпақтарында әртүрлі шөгінділер шығару қабілеттілігі. Мұнда төмен температурада қоректендіру жүйесінде және дизелдердегі қоспалар жасау кезінде пайда болатын, төмен температура шөгінділері, (күл, күйе, қарамай), және жоғары температурада отын жану процесінде пайда болатын, жоғары температура шөгінділері (лак, күйе, кокс) түсініледі. Жоғары температура шөгінділері пайда болу жоғарылығы пайдаланылатын отын сапасына (отынның жоғары жабысқақтығы, ауыр фракциялық құрамы, жоғары молекулалы қара май – асфалтенді қоспалар, төмен тұрақтылық), дизелдің техникалық жағдайына (жағу аппаратының ақаулығы, жылу режимінің бұзылуы) және оның жұмыс режиміне (төмен айналымда дизелдің ұзақ жұмыс істеуі) байланысты. Отында көмірсутектерінің шектелмеген құрамының ұлғаюы лак және күйе пайда болуын қарқындатады. Жану камерасының қабырғасында күйе шөгуі жылуды дизелді салқындату жүйесіне жіберуді нашарлатады. Дизел жұмысының ең үлкен бұзылуы күйенің форсунка бүріккіштеріне шөгуіне байланысты. Отынды бүрку нашарлағанда, қоспа жасалу бұзылады, толық жанбайды, ол түтіндеуге, қуаттың төмендеуіне, отынның артық шығынына әкеліп соғады. Күйе шығару қасиеттерін бағалау, фракциялық құрам, қарамайдың нақтылы құрамы, көп күл қалуы, кокстенгіштігі, йодтық саны, күкірт және механикалық қосындылар көрсеткіштерінен тұрады.

Коррозиялық қасиеттер отынның физика-химиялық және

биологиялық агенттерінің материалды бұлдіру процесімен анықталады. Отын құрамына кіретін көмірсутектер металға коррозиялық әрекет жасамайды. Коррозияны отын құрамындағы суға еритін (минералды) қышқылдар мен сілтілер, органикалық қышқылдар, күкіртті қоспалар мен су шақырады. Белсенді (күкірттісутек H_2S , RSH меркаптаны, элементтік күкірт S) және белсенді емес (сульфидті RSR , қоссульфидті RS_2R , жартылайсульфидті RS_nR және т.б.). болып бөлінетін, ең күшті коррозияны күкірттік қоспалар шақырады. Біріншілері металл және қорытпаларға әсер етеді, екіншілері отын жанғанда агрессивті оксидтер құрайды. Дизелді отын алудың қазіргі заман технологиясы, металдарға коррозиялық әсер ететін күкірт және күкірттісутек элементтерінің болу мүмкіндігін жоққа шығаруда. Дизелді отындардың коррозиялық қаупіне, олардың сумен тазарту тереңдігі үлкен әсер етеді. Осы жағдайда күкіртті және хош иісті қоспалармен беткі белсенді заттар аластатылады. Бірақ нәтижесінде, отынның қорғану қасиеттері төмендейді.

Отынның қорғану қасиеттері — отынның қатысуымен агрессиялық ортамен түйіскен материалдарды коррозиядан қорғау қабілеті, ең бастысы, су тигенде, металдарды электрохимиялық коррозиядан қорғау қабілеті. Беткі белсенді заттарды аластату, отынның металл бетінен суды итеріп қорғау қабықшасын жасау қабілетін төмендетеді. Дизельді отындар жоғары ылғал тартқыш, яғни ылғалды сіңіріп алады. Отында су болуы тасымалдау және сақтау жағдайына байланысты. Суландырылған отынды пайдалану отын танктерінің, құбырлардың, әсіресе отын әперу аппараттарының ішкі беттерін белсенді коррозияға әкеледі. Дизельді отындардың коррозиялық агрессиялылығы, белсенділігі құрамында еркін су және ерітілген оттегі болуына байланысты, меркаптанды күкірттің болуына байланысты. Құрамда меркаптанды күкірттің болуы 0,01-ден 0,06 % - дейін, коррозия болуын екі еседен артық ұлғайтады.

Күкірт қоспаларының коррозиялық әрекетінің екі механизмі бар:

- отын жанғанда пайда болатын күкірттің қостотығы, үштотығынан (SO_2 и SO_3) туындалған газдық коррозия жүретін, цилиндр қуысында әрекет ететін, жоғары температуралы механизм; әртүрлі құрылымдағы дизелдердің күкіртті коррозияға сезгіштігі олардың жылу кернеулігіне байланысты (үдетілген жылдам жүрісті дизелдер күкіртті коррозияға бейімділеу);
- сұйықтық коррозияны белсендіретін, будан айналған суда күкірт тотығының еріп, күкіртті және күкірт қышқылын туғызатын, жылдың суық мерзімінде дизелді жылыту және қосу кезінде әрекет ететін төмен

температуралы механизм. Бұл жағдайда күкірттің коррозиялық әрекеті айтарлықтай деңгейде салқындатушы сұйықтың температурасына байланысты, температура төмендеген сайын жоғарылайды. Отын құрамында күкірттің болуы жоғары температуралы аймақтарында сүйір шөгінділердің көбеюінің себебі болып табылады, және цилиндрлер мен поршень сақиналарының қарқынды түрпілі тозуына жәрдемдесіп, оларды қаттылығын жоғарылатады.

Әдетте үлкен салмақпен жұмыс істейтін трактор дизелдері газды коррозияға шалдыққыш, автокөлік дизелдері (әсіресе қала жағдайында жұмыс істегенде) сұйықтық коррозияға шалдыққыш болады. Жалпы отын құрамындағы күкірттің мөлшері оны тазарту тәсіліне және осы отынды қандай мұнайдан алынғандығына байланысты. Пайдалану жағдайында дизель бөлшектеріне коррозиялық әсерді төмендету, жұмыстың жылу режимін таңдау арқылы, бөлшектерді қоспалы коррозияға тұрақты болаттан жасап, сол бөлшектерді коррозияға тұрақты материалдармен қаптау (мысалы, компрессорлық сақиналарды хромдау) арқылы, мотор майын ауыстыру мерзімін оңтайландыру, дизелдің әр типіне қоспа композициялары анықталған, мотор майын таңдау арқылы қол жеткізіледі. Күкірт құрамының коррозиялық әсерін бейтараптандыру үшін, отынға арнайы қоспалар енгізіледі.

Мұндай қоспалардың әрекеті қозғалтқыш цилиндрінде зиянды өнімдерді химиялық бейтараптандыруға, немесе цилиндр және поршень сақиналарының айнасына қорғаныш жұқа қабыршақ тудыруға негізделген.

Дизелдік отын сапасының стандарты ретінде, олардың коррозияға қарсыласуын сипаттаушы көрсеткіштер белгіленген: күкірттің жалпы құрамы, меркаптанды күкірт және күкіртті сутек, суда еритін қышқылдар мен сілтілер, мыс табақшада сынақтау.

Тозуға қарсы қасиеттер дизелдегі отын жану аппаратурасының қозғалыстағы бөлшектері үшін майлау материалы болып табылатындықтан қажет. Бұл дизелде қосымша майлайтын жүйелер қондырудан құтылуға мүмкіндік береді. Отынмен түйісуде үйкелетін бөлшектердің тозу қарқындылығы жану жүйесінің құрылымдық және пайдалану ерекшеліктерімен және отын қасиеттерімен анықталады. Құрылымдық ерекшеліктер арасында, үйкелетін бөлшектер дайындалған металдар мен метал қорытпалары қасиеттерін атауға болады, олардың бет қабатын өңдеу тазалығы, жүтің шамасы мен сипаттамасын. Пайдалану қасиеттерінің ең маңыздысы бөлшектер жұмысының температуралық режимі және отынның жылуы өте маңызды. Аталған отын ортасында жұмыс істейтін, үйкелетін жұптың

тозуына әсер ететін отынның қасиеттерінің қосындысын тозуға қарсы қасиет деп атайды. Бұл түсінікке отынның механикалық қоспалармен ластану сатысы кірмейді. Отынның тозуға қарсы қасиеттерін отында үйкелетін жұптың тозуы шамасымен бағалайды. Олар отынның жабысқақтығына, беткі-белсенді заттардың (ББЗ) болуына байланысты. Отынның қайнап біту шегі жоғары болған сайын, олардың жабысқақтығы, беткі-белсенді заттардың болуы жоғары болады, тозуға қарсы қасиеті жақсарады.

Отынмен түйісетін, үйкелетін жұптың жоғарғы қабатында, майлаушы қабықша рөлін атқаратын, жұқа (қалыңдығы 1 мкм аз) шекаралық қабат пайда болады. Үйкелу бетінде майлаушы қабат пайда болуы, отынның оттекті қоспаларының металмен адсорбациялануымен шартталады. Метал бетіндегі кейбір қоспалардың адсорбциясы, температура жоғарылағанда яға айналады. Хемосорбциялық қабықша адсорбциялықтан гөрі беріктеу, сондықтан үйкелудің ең жүгі көп орындарында құруға тырысылады.

Отынның әр түрі үшін, үйкелетін жұптың тозуы ең жоғары шегіне жететін температура болады. Жабысқақтығы жоғары отындар, жабысқақтығы азға қарағанда тозуға қарсы қасиеттері жоғары, себебі олардың қарамайлы қоспалары көбірек. Жабысқақтық және қышқылдық жоғарылауымен, дизелді отынның тозуға қарсы қасиеттері жақсарады, ал күкіртті қоспалар мен меркаптандар құрамы жоғарылаған сайын, тозуға қарсы қасиеттері төмендейді. Отында су болуы отынның тозуға қарсы қасиетін төмендетеді. Стандарт шегінде жабысқақтығы бар тауарлық дизельді отындар, тозуға қарсы қасиеттері бойынша екі еседен артық ерекшеленеді. Дизелді отындардың тозуға қарсы қасиеттерін жақсарту қоспалар арқылы іске асырылады, және жақсарту міндетті түрде отынды механикалық қосындардан тазартуды оңтайландыру қабаттаса жүргізілуі керек. Қасиеттер жабысқақтық, майлау және салқындату қабілеттілігімен бағаланады. Салқындату қабілеті отынның жылуды сіңіріп, ысыған жоғарғы беттерден бұру мүмкіндігін анықтайды. Қасиеттерді бағалау жылу сыйымдылығы және жылу өткізгіштік секілді сапаларға негізделеді.

Төмен температуралық қасиеттер отынның тасымалдау, құбырлар бойымен жану жүйелеріне беру, және оны сүзу кезіндегі әрекетін сипаттайды. Отынның ең маңызды сипаты оның қозғалғыштығы, отын жүйесімен белгілі бір сорылуды қамтамасыз ету мүмкіндігі болып табылады. Отынның төмен температурадағы қасиеттерінің бірі отын әперу жүйесінің теріс температурада жұмысқа қабілеттілігі.

Дизелді отындардың кез келген температурада сорылғыштығы бұзылуы, тұрақты көбік және суға батқыш эмульсилар құрайтын,

механикалық қоспалармен, қарамайлы заттармен, микробиологиялық шөгінділермен, байланысты болуы мүмкін. Отын сорылғыштығының барлық бұзылулары, жылдың әр мезгілінде, әртүрлі климатты аймақтарда, дизель жұмысының сенімділігін төмендетеді, дизель отындарын дұрыс тасымалдаудың, отын құюды, дизелді қосу және жұмыс істетуді қиындатады. Отын сорылғыштығын жақсарту үшін, отын сорғыштарының, сүзгіштер мен бүріккіштердің құрамдық ерекшеліктерінің маңызы зор. Дизельге отынды әперу жүйесі, бүріккіш және жану камерасының құрылымы, белгілі жабысқақты отынды пайдалануға есептеледі. Қоршаған орта ауасының төмендеуінде отынның жабысқақтығы өсуі сонша, гидравликалық қарсыласу күшінің жоғарылауы дизелдің қалыпты жұмыс істеуін бұзады. Отынды суыту кезінде жабысқақтық өсу жылдамдығы көмірсутектерінің молекулаларының құрылымы мен салмағына байланысты. Мұнда бірінші кезекте қалыпты жанатын парафинду көмірсутектері түседі, және де ол оның санына емес, молекулалық салмақ бойынша бөлінуіне байланысты. Отыннан қатты көмірсутектері түсу процесінің басталуына қажетті жағдай – кристалдану орталығының болуы. Тауарлық отындарда мұндай орталықтар болып, механикалық қоспалардың микробөлшектері, су тамшылары, ауа көпіршіктері табылады.

Дизелді отындарда кристалға айлану процесі, күкіртті қоспалардың, ББЗ(ПАВ), механикалық қосындылар және су болуына байланысты. Күкіртті аз мұнайдан жасалған отынның сорылғыштығы салқындатылғанда аз-аздап нашарлайды, ал күкіртті мұнайдан жасалғаны – күрт нашарлайды. Беткі белсенді заттар (ББЗ) көмірсутектері парафин кристалдарында адсорбталуға, және олардың өсуіне кедергі жасауға қабілетті. Мұнай өңдеуші зауыттан (МӨЗ) тұтынушыға дайын тасымалдағанда, отынорганикалық емес механикалық қоспалармен (топырақ шаңы, ыдыстар мен құбырлардың коррозиялық өнімдері, ары-бері айдау құралдары тозуының өнімдері), және органикалық қоспалармен (қарамайлы-асфальтенді заттармен) ластанады, және суланады. Қоспалардың болуы ауа шандануы және пайдалану кезеңіне байланысты. Отындағы механикалық қоспалардың негізгі компоненттері —кремний, алюминий, магний, натрий оксидтері. Ауаның шандануы жер қыртысы қасиеттеріне, өсімдіктер жағдайына және жел күшіне байланысты. Ауаның шандануына жолдардың жағдайы, көлік құралдары қозғалысы өте қатты әсер етеді. Жол шаңында қаттылығы дизель бөлшектерін құрастыру материалдарының құрылымдық қаттылығынан жоғары, 50...95% кварц болады.

Отынның сорылғыштығына көп әсерін отынның су сіңіргіштігі әсер етеді. Су дизелді отын құрамында үш түрде болуы мүмкін:

еріген(сіңірілген); эмульсиялық (отындағы, еріген сумен толық қаныққан, ұсақ дисперсті эмульсия); тұнған (тұтас қабат түрінде немесе отынның төменгі қабатында ірі тамшылар түрінде). Жылдам жүрісті дизелдерге арналған отында эмульсиялық және тұнған сулар болмау керек. Еріген су отын қасиетіне кері әсер жасамайды, ол эмульсиялық және тұнба су пайда болу көзі болуы мүмкін.

Дизельдік отындарда бензиндар мен керосинмен салыстырғанда еріген су мөлшері аз болады. Дизельді отындарда, хош иісті көмірсутектері көбірек болған сайын, судың ерігіштігі жоғарылайды. Отындарда, хош иісті көмірсутектері тең құрамда болса, олардың фракциялық құрамы ауырланған сайын судың ерігіштігі азаяды. Температура жоғарыласа, отындағы судың ерігіштігі жоғарылайды. Отынды салқындатқанда, су ерігіштігі азаюы салдарынан еркін су пайда болады. Температураның күрт төмендеуінен ыдыстар мен бактардың қабырғалары, отынның өзі және отын үстіндегі кеңістіктегі ауадан гөрі жылдамырақ салқындайды. Су булары суға айналып шыққа айналады, немесе температура жоғарылағанда ыдыстар мен бактардың қабырғаларында механикалық түрде отынға сырғып түседі.

Отындағы еріген су құрамы ауа ылғалдылығына байланысты. Ауа ылғалдылығының төмендеуі отындағы су құрамын азайтуға, және керісінше әсер етеді. Отын сумен ауадан салыстырмалы ылғалдылық 95 % болғанда, отын астындағы су қабатынан гөрі, жылдамырақ қанығады. Ауа құрамындағы су булары және отында ерітілген су арасында динамикалық теңдік болады. Оның бұзылуы не еріген су құрамының азаюына, не оның отында қосымша еріп, еркін су шығаруына әкеледі. Отында ауадан будың суға айналуы, температура төмендеген кезде отыннан шығатын еркін су тамшыларынан, әлдеқайда ірі тамшылар пайда болады. Сондықтан, автотракторлық техниканың отын бағы және отынды ұзақ сақтаудағы қойма резервуарларындағы тұнған сулар жиналуының басты көзі болып, ауадан су буларының суға айналуы табылады.

Әдетте отындағы еріген су молекулалық жағдайда болады, бірақ оның құрамы, су-отын эмульсияларының пайда болуына жәрдемдесетін қарамайлы заттардың болуы оның құрамын көбейтеді. ББЗ отын – су бөлігінің бетіне бағыттталып, ұсақ тамшылардың бірігіп кесек тамшы құруына бөгет жасап, бұзылмайтын тұрақты эмульсиялар құрайды. Отын түсі бозарады, бұл эмульсиядағы су тамшыларының диаметрі 30... 50 мкм құрайды. Қышқылданған өнімдері бар отын, қышқылданбаған өнімді отынға қарағанда, сулануға көбірек бейім болады. Отындағы еркін су оның коррозияға қарсы белсенділін жоғарылатып, тозуға қарсы қасиеттерін төмендетеді. Отында еркін судың пайда болуы оның

жабысқақтығының жоғарылауына (әсіресе кері температурада) және дизелдің отын жүйесінде мұзды тығындардың пайда болуына әкеледі.

Отындағы еркін су механикалық қоспалармен қарым-қатынаста болады. Су беткі белсенділігінің жоғарылығы салдарынан көмірсутекті ортада ластң ұсақ бөлшектерін үлкен агрегаттарға жинайды, олар резервуар түбіне жылдам шөгеді. Осылайша, еркін су мөлшерінің болуы, отынды механикалық ластанудан тұну процесі арқылы тазартуға жәрдемдеседі.

Отында сдың болуы тасымалдау және сақтау жағдайларына байланысты. Тасымалдау цистерналары, және резервуарлар төбесіндегі люктердің тығыз жабылмауынан атмосфералық жауын-шашынның отынға түсуін болдырмау керек. Отындағы су құрамының азаюына, резервуардағы ауа-бу кеңістігіне қосымша ылғал түсуін ілестіретін, аз тынысты шақыратын, ауаның күндізгі және түнгі температурасы өзгеруіне байланысты, резервуардағы ауа теңселуінің амплитудасын азайту жәрдемдеседі. Бұған, мұнай өнімдерінің сөткелік температура өзгерісін болдырмайтын, тереңдетілген, казематтық немесе жер асты резервуарларын пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Суланумен физика-химиялық тәсілмен күресу арнайы қоспа қосуды пайдалану арқылы шешіледі.

Сақтау және пайдалану кезінде отын температурасы $-30... -40^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі мүмкін. Отынның осы жағдайдағы сорылғыштығы, отынның химиялық құрамына байланысты, кинематикалық жабысқақтық, шекті сүзілуі, су және механикалық қоспалардың болуы, отынның төмен температуралық қасиеттері, т.б. байланысты болады. Мысалы, Ишимбай мұнайынан алынған дизелді отынның (хош иісті көмірсутектері 34 %, алкандары 35 %) кристалдана бастау температурасы 0°C , қатуы -5°C . Краснокамск мұнайының дизелді отыны (хош иісті көмірсутектері 21 %, алкандары 66 %) кристалдана бастау температурасы -5°C , қатуы -14°C .

Төмен температуралы қасиеттер, лайлану температурасы, сүзілгіштіктің шекті температурасы, қату температурасы сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

Тұрақтылық деп отынның, ұзақ сақталуда бастапқы қасиеттерін сақтау қабілеті аталады. Дизелді отынды тасымалдау, сақтау және пайдалану процесінде, отынның қасиеттері физикалық химиялық процестер нәтижесінде өзгереді. Кейбір жағдайларда отында дизелдің қалыпты жұмыс істеуін бұзатын грибоктар мен бактериялар дамуы мүмкін.

Физикалық және химиялық тұрақтылықты және биологиялық беріктік ажыратылады. (2.1 сурет). Дизелді отындардың физикалық тұрақтылығы — оларды тасымалдағанда, сақтағанда және қолданғанда аздап булану кезінде өзгеруге бейімділігі. Отынның

бөлігі ары-бері айдағанда жоғалады. Дизелді отынның бетіндегі отын жоғалуы орта климаттық аймақта, жер бетіндегі резервуарда бір жыл сақталғанда 1 тонна отынға 0,12 кг құрайды, ал резервуарлардың үлкен және кіші тынысында ауа-бу кеңістігінде 1 м³ —ға 1,5 кг. құрайды. Мұнай өндеудің әртүрлі тәсілдерімен (процестерімен) алынған тауарлық дизелдік отындардың физикалық тұрақтылығының бұзылуы, оларды араластырудан болады.



2.1. сурет. Отын тұрақтылығының сипаттамасы

Дизелді отынды тасымалдау, сақтау және пайдалану жағдайында көмірсутектердің жоғары балқығыш кристалдары түсуі есебінен біртекті болмай қалады.

Химиялық тұрақтылық түсінігіне олардың отынды тасымалдау, сақтау жағдайында (химиялық тұрақтылық) қышқылдану процесіне қарсыласу қабілеті, жоғары температурадағы 200...250°C. шегіндегі (ыстықта қышқылдану тұрақтылығы) тұрақтылығы, және жоғары температурада жану камерасында шөгінділер құрау қабілеті (күйе құрау қабілеті) енеді.

Біздің елімізде тауарлық дизель отындарын мұнайды тікелей айдау арқылы алып, соңынан гидротазалайды. Мұндай отындарда шекті емес көмірсутектерінің саны болымсыз, сақтауға тұрақтылығы жоғары, 3-5 жыл көлемінде сақталуы мүмкін. Дизелді отынды сақтауда қышқылдануға жәрдемдесуші заттар да, бұл процесті тоқтатушы заттар да құралуы мүмкін.

Көмірсутектері және көмірсутектері емес қосындылардың қышқылдануы бір бірімен араласқан жағдайда болуы мүмкін, онда олардың бірі қышқылдануды бастамалайды, екіншісі тежейді. Дизелді отындарда қышқылдануға шекті емес көмірсутектер және тұрақсыз қоспалар (күкіртті, азотты, және оттекті қоспалар) көбірек бейімделген, және солар қышқылданудың тізбекті реакциясын бастайды. Отындағы қанықпаған қоспалардың жалпы құрамы йодтық сан нормасымен шектелген, жалпы және меркаптанды күкірт құрамы шектелген, құрамында оттегі бар қоспалар саны қышқылдылық және қарамайдың нақтылы құрамы нормасымен шектелген. Күкіртті қоспалар, нығыздану өнімдерін және коррозияға белсенді заттарды шығарып, жоғары температурада қышқылдатуға қатысады. Азотты қоспалар қарамай пайда болуын және шөгінді пайда болуын жылдамдатады. Мұнайды тереңдетілген өңдеу есебінен дизелдік отын ресурсын кеңейту қажеттілігі, вакуумды айдау гидрокрекинг процесі ғана жоғары химиялық тұрақты дизель фракцияларын алуға мүмкіндік беретініне әкеледі. Термиялық процестер айдандылары таза түрінде дизелдік отын компоненті сапасында пайдалануға келмейді. Каталитикалық крекинг айдандысы дизелді отынның болашақты компоненті болып табылғанмен, азоттық қоспалары құрамы өте жоғары. Оны тура айдалған отынға компонент ретінде қосу шөгінді және нақтылы қарамай пайда болуын жылдамдатады.

Сақтау жағдайында дизелді отынның негізгі қышқылдану өнімдері — қарамайлы заттар және қышқылдатылған қоспалар сипатында. Құрамында нақтылы қарамай болуы және қышқылдылығы дизелді отынның мүмкін сақтау мерзімін анықтайды, осы жағдайда резервуарлар мен бактарда қойыртпақ және қоймалжың шөгінді пайда болады. Қойыртпақ — берік суға бататын эмульсия, құрамында су(50%), отын (40%), отында ерімейтін органикалық шөгінді (2%), коррозия өнімдері мен атмосфера шаңы (8 %). Отында ерімейтін органикалық шөгінді құрамында 6...9% оттегі, 1...5% күкірт және 0,5...6,0% азот болады. Қоймалжың шөгінділер, қышқылдану өнімдерімен (1,0.2,0%), коррозия өнімдерімен (2% ға дейін) қояланған отын (95%).

Дизелді отындарды сақтау температурасының жоғарылауы қышқылдануын, қарамай – шөгінді пайда болуын, жылдамдатады және мүмкін сақтау мерзімін 1,5 – 2 есе қысқартады. Қышқылдану процесі валенттілігі ауыспалы металдардың: мыс, темір, хром, марганец т.б. әсерінен жылдамдайды. Катализ гетерогенді немесе гомогенді сипатта болады.

Дизельді отындар цилиндрға бүрку алдында 150...250°C ға дейін жылытылады. Пайда болған қышқылдану өнімдері жағу аппаратурасының бөлшектерінде ашық-сары түсті лак түрінде

бөлініп шығады, ал оларға отынның толық жанбаған өнімдері күйе күйеге айналады. Отын құрамында күкірт көбейсе, жылудан қышқылдану тұрақтылығы төмендейді. Дәл жылудан қышқылдану тұрақтылығымен дизельдің пайдаланылған газдарында бөлшектер пайда болуына байланысты. Бөлшектер еритін және ерімейтін бөліктерден тұрады: біріншісі көміртекті күйе болып көрінеді (дизельдің кара түтінінің құрамдасы), екіншісі — жанбаған немесе шала жанған отын және мотор майф. Сонымен қатар бөлшектер құрамына оксидтер (күкірттің, азоттың, фосфордың және т.б.) кіреді. Қатты бөлшектер санының негізі болатын күйе салмағы, жанған отын санының 0,2 % құрайды. Пайдаланылған газдарда қатты бөлшектердің болуы болашақты талаптарды қанағаттандыру үшін, отын, күйе шықпай 99,9 % астам жануына қол жеткізу керек. Бұл тек конструктивті жолмен, қоспа құрылуы және жану процесстерін ұйымдастыру есебінен шешіледі. Қатты бөлшектерінің ерігіш бөліктері пайда болуы конструктивті факторлармен және сонымен қатар, пайдаланылатын отын мен майлар сапасымен байланысты. Дизельді отындардың термоқышқылдату тұрақтылығы жоғарылауы қоспалар көмегімен іске асырылады. Дизельді отын жанғанда, дизель бөлшектерінде қарамай заттарды, лакты шөгінділер және күйе құрамау керек. Жоғары температуралық пайда болуы жоғарылауы, қозғалтқыштың ыстық бөлшектерінде оытырып қалатын өнімдер, отынның толық жанбауынан болатыны байқалады. Қақпақта пайда болатын күйе қатып қалады, жану камерасында — жылу беруді бұзады, бүріккіште — бүрку сапасын төмендетеді. Поршень сақиналарында шөгінді пайда болуы оларды кокстендіреді, компрессиялануды бұзады, газдың картерге жарып өтуін көбейтеді, мотор майының иісін жоғарылатады.

Отынның толық жанбауы ауыр фракциялық құрамға және жоғары жабысқақтыққа, отында жоғары молекулалық қарамайлы-асфальтенді қоспалардың болуына, шекті емес көмірсутектері, күкіртті қосындылар, Күйе пайда болуы, конструктивті факторлар және дизель жұмысының режимінен басқа, пайдаланылатын мотор майларының сапасына да байланысты. Неғұрлым ауыр дизельдік отын көп күйе шығарады. Отында күкірт қанша көп болса, ол жанғанда сонша күйе және лак шығарады. Отынның хош иісті көмірсутектер құрамы ұлғайғанда, күйе шығару қабілеті жоғарылайды. Мұнайды тікелей айдаудан алынған отынға термиялық немесе каталиттік крекинг 20 % дизельдік фракция қосу күйе шығаруға қабілетін жоғарылатады. Фракциялық құрамы, йодтық саны, құрамында нақтылы қарамай, жалпы және меркаптанды күкірт болуы, күл шығаруы және кокстенуі бойынша сапалары сәйкес тауарлық дизельді отындар, дизелдердің жұмысын болымсыз күйе шығарумен, барлық

режимде қамтамасыз етеді.

Продолжение табл. 2.2

Отынның биозақымдануы, беткі белсенді заттар есебінен металдардың коррозиялануын, және отынның сумен эмульгациялануын, шақыратын, көмірсутектерінің органикалық қышқылдар құрап, микробиологиялық қышқылдануымен байланысты.

Көмірсутектер микроорганизмдер әсеріне олардың құрылымына байланысты тап болады. Микробиологиялық зақымдануға парафинді көмірсутектер беріктігі ең аз, беріктігі ең көп — хош иісті көмірсутектер. Отын ішінде микрофлора даму шарты — оның ішінде минералды тұздар ізімен судың болуы және сәйкес температура. Отынға ауадан немесе басқа жолмен түскен бактериялар мен грибоктар, көбеймей, бірақ жойылмай, ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Бактериялар мен грибоктардың дамуына қолайлы жағдай туа салысымен (үлкен ылғалдылық және жоғары температура) дереу қарқынды түрде микробиологиялық процестер дами бастайды. Бактар мен резервуарларда бактериалдық жалқақ, шөгінділер және ашық-сұр түстен қою- қоңыр түске дейін амфорлық қоймалжың денеден құрылатын қойыртпақ жиналады. Осы жағдайда отын сапасының төмендеуі, тұрақты сулы- отын эмульсия пайда болуы, сүзгіштердің бітелуі, металдар мен жамылғылардың коррозиясы, нығыздау-төсе ме иатериалдардың бүлінуі болады. Мұнай отындарының микроорганизмдермен зақымдану сатысы әртүрлі. Ол бензинге аз әсер етеді, көбірек әсері — жылдам жүретін дизелдер отынына тиеді. Дизелдік отындардың биологиялық зақымдануына қарсы күрестің әсерлі және экономикалық ұтымды тәсілі болып, микробқа қарсы биоциды қоспалар пайдалану табылады.

Өрт қауіпсіздігі дизелді отынды әсерлі пайдаланудың бір шарты. Техниканы пайдаланғанда дизелді отын, ашық жалыннан (мысалы электр ұшқыны) отын буларының жалын атуынан (жануы); отынның өздігінен тұтану температурасынан жоғары температурадағы ыстық беткі қабатқа түсу нәтижесінде отынның өздігінен тұтануы; электрдің статикалық разряды нәтижесінде бактардың газды кеңістігінде немесе тұйық кеңістікте отын буларының жарылуынан өрт шығу көзі болуы мүмкін.

Отынның жану процесі ауа-бу қоспасының тұтануынан басталады. Өзге тұтану көзінен ауа-бу қоспалары белгілі бір құрамда жануы мүмкін — төменгі (төменгі температуралық тұтану шегі) және жоғарғы (жоғарғы температуралық тұтану шегі) арасындағы топтану шегінде. Температураның жинақталған шегінен төмен жағдайында отын бетінде, жану көзінен тұтанатын ауалы-булы қоспа пайда болады, бірақ бұл қоспаның пайда болу жылдамдығы жануды жалғастыруға жеткіліксіз. Отынның бұл температурасы тұтану

температурасы болып табылады. Жану қабілеті бар сұйықтар үшін тұтану температурасы өртке қауіптілігін сипаттайтын маңызды көрсеткіш болып табылады.

Жануға қабілетті сұйықтарды (ГОСТ 12.1.004 — 2005 сәйкес) жеңіл тұтанатын сұйықтарға (ЖТС/ЛВЖ) және жанғыш сұйықтарға (ЖС/ГЖ) бөледі — бұл сұйықтардың тұтану температурасы 65 °С жоғары емес; ЖС/ГЖ — бұл сұйықтардың тұтану температурасы 66 °С жоғары емес; Халықаралық нұсқауларға сәйкес ЖТС үш разрядқа бөлінеді: I разряд — аса қауіпті, тұтану температурасы - 18 °С және одан төмен; II разряд — тұрақты қауіпті тұтану температурасы -18 °С ден +27 °С дейін; III разряд — жоғары температурада қауіпті, тұтану температурасы от +23 тен +66 °С дейін.

Жану көзі әсерінен соң отын буларының жануды жалғастыруы үшін, отын температурасы буланудың қажетті жылдамдығын қамтамасыз етуі қажет. Мұндай температура тұтану температурасы деп аталады. Ыстық бетке түскенде отын жана бастайтын температура, өздігінен тұтану температурасы деп аталады. Сұйықтардың өртке қауіптілігін бағалау үшін «жану жылдамдығы» көрсеткіші алынады. Жанудың салмақтық және сызықтық жылдамдығы болады. Салмақтық жылдамдық, сұйықтың жазықтық бірлігінде белгілі бір уақыт бірлігінде (сек, мин,сағ) жанып бітетін салмағы (г.кг). Сұйық жануының сызықтық жылдамдығы деп белгілі бір уақыт бірлігінде жанып бітетін қалыңдығының биіктігі (мм., см.)түсініледі.

Ауада дизелді отынның булары қоспасының тұтануының қосынды шегі: төменгі — 1,4 об. %; жоғарғы — 7,5 об. %. Мотор отындарының буларының жарылысқа қауіпті ауамен қоспасы 2...3% құрайды.

Фракциялық құрамы ауырлаған сайын отынның өртке қауіптілігі төмендейді. Дизелді отынның цетанды саны жоғарылаған сайын (жоғары цетанды сандар жаздық отындарға тән), оның өздігінен тұтану температурасы төмендейді. Дизелді отынның өздігінен тұтану температурасы оның көмірсутекті құрамымен байланысты — хош иісті көмірсутектер болуы. Арктикалық отын жаздық отынмен салыстырғанда өздігінен тұтануы жоғары температурада.

Мұнай отындарының өртке қауіптілігін төмендету әртүрлі қоспалар қосу арқылы іске асырылады.

Экологиялық қасиеттері отынның және оның жану өнімдерінің адамға және қоршаған ортаға ықпалын сипаттайды. Бұл қасиетті бағалау отынның және оның жану өнімдерінің улылық көрсеткіштеріне тіректенеді. Улылық деген тірі организмдердің тіршілік әрекетін бұзатын заттар қабілеті түсініледі.Отынның барлық түрі азды-көпті улы болады.

Дизелдік отындардың экологиялық сипаттамасын екі қазғараста қарауға болады: улылық және. Отынның өзінің қоршаған ортаға ықпалы және оның жану өнімдерінің улылығы. Дизелдік отындардың өзі қоршаған ортаға біршама зиянсыз, және апаттық жағдайларда ғана елеулі зиян келтіреді: төгілгенде өртте т.б. Булану немесе болымсыз ағып кету жағдайында қоршаған ортаға түсетін отынның бөлігін табиғат өзі жылдам бейтараптандырады. Жану өнімдері табиғатқа да адамдарға да елеулі зиян келтіреді. Оны екі жолмен азайтуға болады: отынның сапасын арттыру және қозғалтқыштың жұмыс процесін жетілдіру арқылы.

Дизелдік отындардың сапасы ұғымы, сәйкес қозғалтқыштарда осы отындарды пайдалануға жарамдылығын шарттайтын, оның қасиеттерінің жиынтығы (2.2 кесте).

Жалпы жағдайда дизелдердің пайдаланылған газдары өзіне толық жану өнімдерін жинақтайды (су буы, көмірсутек диоксиді, күкірт диоксиді), толық жандау өнімдері (көміртек оксиді, альдегидтер, жанбаған немесе бөлігі қышқылданған көмірсутектер, күйе т.б.), артық оттегі және азот оксиді. Негізгі улы компоненттер болып азот оксид NO_x , көмірсутектер C_nH_m , альдегидтер RCHO , көміртек оксиді CO , күкіртті сутек H_2S , күкірт диоксиді SO_2 , күкірт үшоксиді SO_3 . табылады.

Адамға ұзақ мерзім ықпал жасайтын атмосферадағы өнімдердің шекті рұқсатты топтауы (ПДК/ШРТ), көміртек диоксиді — 0,5%;; күкірт оксиді — 0,0010%;; азот оксиді — 0,0025%; формальдегид — 0,0010%.

2.2.кесте. Дизелді отындар сапасының пайдалану және физика-химиялық көрсеткіштерінің өзара байланысы

Пайдалану қасиеттері	Сапа көрсеткіштері	Сапа көрсеткіштері бағалау тәсілдерінің Стандарты
Қоспа құрау	20 °C температурадағы кинематикалық жабысқақтық	ГОСТ 33—2000
	20 °C температурадағы тығыздық	ГОСТ Р 51069—97, ГОСТ 3900—85
	Беткі кернеу	—
	Құрамдағы су	ГОСТ 2477—65
	Құрамдағы механикалық қоспалар	ГОСТ 10577—78, ГОСТ 6370—83
	Лайлану және кристалдану температурасы	ГОСТ 5066—91
	Қату температурасы	ГОСТ 20287—91
Булану	Фракциялық құрам	ГОСТ 2177—99
	Цетанды сан	ГОСТ 3122—97
	Жабық отбақырдағы тұтану температурасы	ГОСТ 6356—95
	Беткі кернеу	—
өздігінен тұтану	Цетанды сан	ГОСТ 3122—97
	Жабық отбақырдағы тұтану температурасы	ГОСТ 6356—75
	Тұтану температурасы	ГОСТ 4.25—83
	Тұтанудың шекті температурасы	—
	Концентрационные пределы воспламенения	—
	Плотность при температуре 20 °C	ГОСТ Р 51069—97, ГОСТ 3900 — 85
	Жанудың меншік жылуы	ГОСТ 21261—91, ГОСТ 11065—90
	Индикаторлық сипаттар	ГОСТ 18509—88

Продолжение табл. 2.2

Пайдалану қасиеттері	Сапа көрсеткіштері	Сапа көрсеткіштері бағалау тәсілдерінің Стандарты
Күйе құру қасиеттері	Фракциялық құрам	ГОСТ 2177—99
	Нақтылы қарамай концентрациясы	ГОСТ 8489—85
	10%-дық қалдықтың кокстенуі	ГОСТ 19932—99
	Күл шығаруы	ГОСТ 1461—75
	Йодтық саны	ГОСТ 2070—82
	Түсі	ГОСТ Р 51933—2002
	Құрамдағы хош иісті көмірсутектер	ГОСТ 29040—91
	Термоқышқылдату тұрақтылығы	ГОСТ Р 52368—2005
	Құрамдағы күкірт	ГОСТ 3877—88 ГОСТ 6321—92
Коррозионные свойства	Мыс тақтайшада сынақтау	
	Күкірттің салмақтық үлесі	ГОСТ 19121—73, ГОСТ Р 50442—92
	Меркаптанды күкірттің салмақтық үлесі	ГОСТ Р 52030—2003
	Құрамдағы күкірттісутек	ГОСТ 17323—71
	Құрамдағы суда еритін қышқылдар мен сілтілер	ГОСТ 6307—75
	Коррозиялық белсенділік	ГОСТ 18597—73
Противоизнос-ные свойства	^20 °С температурадағы кинематикалық жабысқақтық	ГОСТ 33—2000
	Қышқылдылық	ГОСТ 5985—79
	Жылу өткізгіштік	—
	Жылу сыйымдылығы	—
	Құрамдағы су	ГОСТ Р 51946—2002

Окончание табл. 2.2

Пайдалану қасиеттері	Сапа көрсеткіштері	Сапа көрсеткіштері бағалау тәсілдерінің Стандарты
Төмен температуралық қасиеттері	Сүзілу коэффициенті	ГОСТ 19006—73
	Қату температурасы	ГОСТ 20287—91
	Лайлану температурасы	ГОСТ 5066—91
	Сүзілудің шекті температурасы	ГОСТ 22254—92
	Құрамдағы су	ГОСТ 14870—77
	Құрамдағы механикалық қоспалар	ГОСТ 10577—78, ГОСТ 6370—83
Тұрақтылық	Құрамдағы нақтылы қарамай	ГОСТ 8489—85
	Қышқылдылық	ГОСТ 5985—79
	Термоқышқылдану тұрақтылығы	ГОСТ Р 52368—2005
	Күкірттің салмақ үлесі	ГОСТ Р 51947—2002
Өртке қауіптілік	Жабық отбақырдағы тұтану температурасы	ГОСТ 6356—75
	Фракциялық құрам	ГОСТ 2177—99
	Цетанды сан	ГОСТ 3122—97
	Тұтанудың шекті температурасы	—
	өздігінен тұтану температурасы	—
Экологиялық қасиеттер	Құрамдағы хош иісті көмірсутектер	ГОСТ 29040—91
	Күкірттің салмақ үлесі	ГОСТ Р 50442—92, ГОСТ 1437—75
	Отынның булануы	ГОСТ 6369—75
	Отынның элементтік құрамы	—
	Цетанды сан	ГОСТ 3122—97

Азот оксиді мен формальдегидке ШРҚ мөлшері - 0,0005% (5 ppm) ұсынылған. Дизелдің пайдаланған газдарының зиянды заттар лақтырындысын сараптауда олардың улылығы төмендегі қатынаста келтірілген: $CO : CH : H_2S : NO_x : C : RHCO = 1 : 1,26 : 16,5 : 41,4 : 41,1 : 41,5$.

Қоршаған ортаны қорғау талаптарының қатайту, Дизелді автокөліктердің пайдаланған газдарының зиянды заттар лақтырындысын шектеуге стандарттар енгізуге ықпалын тигізді.

2.3.

ДИЗЕЛДІ ОТЫНДАРДЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЧЯЛЫҚ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ

Дизелді отындардың пайдалану қасиеттері келесі физика-химиялық сапа көрсеткіштерімен анықталады:

- цетанды саны;
- фракциялық құрамы;
- жабысқақтығы;
- тығыздығы;
- беткі кернеуі;
- құрамындағы нақты қарамай;
- лайлану температурасы, кристалдану температурасы, қату температурасы;
- тұтану температурасы;
- сүзгіштік коэффициенті;
- күл шығаруы;
- коктенуі;
- йодтық саны;
- құрамындағы күкірт;
- құрамындағы суда еритін қышқылдар мен сілтілер;
- қышқылдылығы;
- мыс тақтайшада сынақтау;
- құрамындағы механикалық қоспалар;
- құрамындағы су.

Цетанды сан. Дизелді отындардың негізгі кәсіби тұтану көрсеткіштерінің бірі цетанды сан (ЦС/ЦЧ). Цетанды сан ГОСТ

3122 — 97 (ISO 5165:1998) бойынша анықталады. Тәсілдің мәні сынақталатын дизелдегі отынның өздігінен тұтанушылығын қысудың әр сатысында, сынақ жағдайында цетанды саны белгілі эталонды отынның өздігінен тұтануымен салыстыру. Жоғарғы өлі нүктеге (ЖӨН) дейін жанармайды ерте бүрку 13° тұрақты бұрышында, жану камерасында поршеннің ЖӨН сынақталатын отынның өздігінен тұтануы болатын қысу сатысы іріктеледі. Эталондық отын сапасында екі көмірсутек қоспасы — өздігінен тұтануға жоғары қабілетті (оның тұтануы 100 бірлікке қабылданған) цетан (n -гексадекана $C_{16}H_{34}$ — тұтану кідірісінің мерзімі аз, қалыпты құрылымды, парафинді көмірсутек), және өздігінен тұтану қабілеті төмен (оның тұтануы 0 бірлікке қабылданған), α -метил-нафталин ($C_{10}H_7-CH_3$ — тұтану кідірісі мерзімі ұзақ, екі конденсирленген екі ядросы бар хош иісті көмірсутек). Егер сынақталатын отынның өздігінен тұтануы 45 % цетанға және 55 % α -метил-нафталиннан тұратын қоспаның өздігінен тұтануына тең болса, онда сынақталатын отынның цетанды саны -45. Цетандық сан үш тәсілмен анықталады (ГОСТ 3122 — 97): тұтанудың сәйкес келуі, өздігінен тұтанудың кешігуі, сынды қысу сатысы. ЦС анықтауға негізгі агрегаты қысу сатысы ауыспалы бір цилиндрлі дизельді ИТ9-3, ИТ9-3М немесе ИТД-69, моторлық қондырылым пайдаланылады.

ИТ9-3М қозғалтқыштың цетанды санды анықтаудағы келесі мағыналарды білдіреді:

Иінді біліктің айлану жиілігі, мин^{-1}	900 $\pm$ 10
Температура, $^{\circ}\text{C}$:	
Ауаны соруға	65 $\pm$ 1
Бүріккішті салқындату сұйығына	38 $\pm$ 3
Цилиндрді салқындату сұйығына	100 $\pm$ 2
Қозғалтқыш картеріндегі майға	50...65
Отынды бүрку қысымы, МПа	10,6 $\pm$ 0,4
Магистралдағы май қысымы, МПа	0,16.0,22
Бүркілетін отын мөлшері, мл/мин	13 $\pm$ 0,5
Майды ерте бүркі бұрышы, ... $^{\circ}$ до ВМТ	13
өздігінен тұтанудың басталуы	В ВМТ

ГОСТ 3122 — 97 бойынша жылдам қозғалатын дизелдер үшін қазіргі заман отындарының ЦС 45 кем болмауы керек 45. Дизелдердің орта айналымды және кіші айналымды қозғалтқыштары үшін ЦС нормаланбайды. Отынның ЦС төмендеген сайын, дизель қатты жұмыс істейді, қосу қасиеттері нашарлайды. Отынның цетанды саны оның көмірсутекті құрамына байланысты. Парафинді көмірсутектерде ең үлкен саны, хош иістілерде — ең кіші саны. Отынның қайнау температурасы жоғары

болса, оның ЦС жоғары болады. Отынның төмен температуралы қасиеттері жақсарған сайын, оның ЦС төмендейді. ЦС анықтау үшін бірқатар есептік формулалар бар. Ең жиі падаланылатыны ЦС және тығыздық, құрамдық топ, фракциялық айыру, анилиндік нүкте арасындағы эмпирикалық қарым-қатынас.

Тығыздығы бойынша және и кинематикалық жабысқақтық v_{20}

ЦС

a

$$1,5879 (v_{20} + 17,8)p_{20}$$

$$\text{көмірсутекті құрам} = 0,85C_{\text{п}} + 0,1C_{\text{н}} - 0,2C$$

мұнда $C_{\text{п}}$, $C_{\text{н}}$, $C_{\text{а}}$ — парафинді, нафтенді және хош иісті көмірсутектер сәйкесте.

Осы формулалар бойынша ЦС шамалап қана шығаруға болады. Олар, ЦС жоғары қоспалар бар отындар үшін, және құрамына бензин фракциялары енетін отындар үшін жарамайды. Неғұрлым дәлірек болып табылатын есептеу тәсілі, цетан индексін (ЦИ) анықтау — ГОСТ 27768 — 88 (ISO 4264 — 96) бойынша отынға цетан жоғарылатушы қоспаны қосқанға дейінгі есептік цетан саны:

$$\text{ЦИ} = 454,74 - 1641,41 p_4^{15} + 774,74 (p_4^{15})^2 - 0,554t + 97,803 (\lg t)^2,$$

Мұнда p_4^{15} — ГОСТ 3900 — 85 (ISO 12185:1996) бойынша анықталған, 15°C температурадағы отын тығыздығы г/см^3 ; t — ГОСТ 2177 — 99 (ГО 3405:2000 $^\circ\text{C}$ бойынша анықталатын, қалыпты барометрлік қысымға 101,3 кПа түзетуді есептей отыра, 50%-тік фракцияның (көлемі бойынша) қайнау температурасы; $\lg$ — ондық логарифм.

Бұл формуланы тек тікелей айдалатын мұнай өнімдеріне қолдануға болады. [2].

Отынның тығыздығы мен хош иісті көмірсутектерінің құрамынан ЦС тәуелділігі отынның тұтанғыштығын есептік жолмен бағалаудың эмпирикалық формула шығаруға негіз болды. 15°C (p_4^{15}) температурада анилин нүктесінде ($4_{\text{н}}, ^\circ\text{C}$) отын тығыздығының белгілі болуында есептеп шығарылатын дизель индексі (ДИ) түсінігі енгізілді.

$$\text{ДИ} = \frac{(1,8 t_{\text{ан}} + 32)(141,5 - 131,5 p_4^{15})}{100 p_4^{15}}$$

Анилин нүктесі деп, анилиннің белгілі топтамасы отынның сәйкес көлемінде толық еритін, ең аз температураны айтады. Отында хош иісті көмірсутектер құрамы неғұрлым төмен болса, солғұрлым анилин нүктесі жоғары болады. Анилин нүктесін ГОСТ 12329 — 77 (ASTM D 611)бойынша анықтайды.

Шет елде ДИ келесі формула бойынша анықтайды

$$ДИ = f_{анр}/100,$$

Осы жағдайда анилин нүктесін Цельсий градусымен анықтайды да Фаренгейт градусына $t^{\circ}_F = 9,5t^{\circ}_C + 32$ формула бойынша ауыстырады, мұнда t°_F — Фаренгейт градусындағы температура ; t°_C — Цельсий градусындағы температура, ал тығыздықты р дят в API градусына ауыстырады.

ЦС және ДИ арасында келесідей тәуелділік бар:

ЦС.....	30	35	40	45	55	60	80
ДИ	20	30	40	50	62	70	80

Отынның ЦС көмірсутекті құрамның әсерін қарағанда. Жоғары белгідегі ЦС бар көмірсутектердің жарылғыштық тұрақтылығы төмен екендігі, яғни олардың октандық саны (ОС/ОЧ) көп емес. Отынның ЦС (ОС) отынның октандық санына эмпирикалық тәуелділігі осы негізде шығарылған.

$$ЦС = 60 - ОС/2.$$

Отынның ОС неғұрлым жоғары болса, оның ЦС төмен, және керісінше. Бензинді фракциялардың цетанды сандары төмен 15...20, сондықтан дизель отынына бензин қосу оның ЦСәжептәуір азайтады. Дизелді отындарға оңтайлы болып ЦС 40.50. табылады.. Дизелді қалыпты қосып, бірсарынды жұмыс істеу үшін, отынның жаздық сорттарының ЦС 40.45, ал қыстық сорттарында 45.50. болуы қажет. ЦС 40 төмен отынды пайдалану дизель жұмысын қатайтады, ал 55 артық болса толық жанбайды, соның салдары қозғалтқыштың пайдаланған газдарының түтіндеуін жоғарылатып, осы мезгілде отын үнемдеуін нашарлатады. Дизелді отындарға Еуропалық стандарт цетан санының төменгі шегін — 48 [11] белгілеген.

Фракциялық құрам. Отын булануының кешенді бағалануы оның жеке фракцияларының температуралық қайнау шегі бойынша жүргізіледі (фракциялық құрам бойынша). Фракциялық құрамды зертханалық жағдайда, арнайы құралдар көмегімен ГОСТ 2177 — 99 (ISO 3405:2000) немесе ОСТ 38.01380 — 95 (ASTM D 1160) бойынша анықтайды [6]. Анықтаудың негізгі түйіні отынды буландыру және біртіндеп белгілі отын мөлшерінің булануын

белгілеп отыру: бірінші тамшы тамғандағы температура белгіленеді, ол айырудың басталу температурасы t_0 немесе қайнауың басталуы $D_{\text{к}}$. Одан ары отынның 10; 20; 50; 70; 90% буланған температура тіркеледі. Айырудың соңы ретінде 96 % отын буланған температураны, немесе, айыру барысында жеткен ең жоғары температура қабылданады. Отынның 100% қайнап біту температурасы есепке алынбайды, себебі ол әдетте отынның 98 % қайнап біткен температурадан төмен болады. мысалы, отынның қайнап біту температурасы. Бұл жоғары температурада қайнауы жоғары құрамдастар крекингке (айырылу) ұшырайды, төмен температурада қайнайтын қайнауы төмен көмірсутектерге ыдырайтынына байланысты.

Фракциялық құрамнан бүрку және жану толықтығы тәуелді болады. Егер дизелді отында жеңіл көмірсутектер көп болса, онда жану процесі бұзылады (иінді біліктің бұрылу бұрышының градусына қысым күрт көтеріледі). Ауыр, қайнау температурасы жоғары отын, бүріккенде ірі тамшылар құрап, жанғыш қоспаның сапасы төмендейді, отын шығыны жоғарылайды. Бірталай ауырлағанда форсункалардың бүріккіштерінің кокстенуі жоғарылайды, цилиндр тобының аймағында күйе мөлшері көбеседі. Қазіргі заманғы қарқындалатын дизелдер нормаланған фракциялық құрамды отында сенімді жұмыс істейді: қайнап біту температурасы 96 % -те 340...360°C жоғары болмауы тиіс (сортына байланысты).

Жабысқақтық. ГОСТ 27674 — 88 (ISO 1998-2:1998) бойынша жабысқақтық деп, оларға әсер етуші күш ықпалымен сұйықтың бөлшектерінің өзара орын ауыстыруына көрсететін қарсылық күші аталады. Жабысқақтық дизелде булану және қоспа жасау процесін анықтайды. Жабысқақтық шамасы шикізаттың химиялық табиғатына, мұнай өнімін алудың технологиялық процесіне, қысым мен температураға байланысты. Температура факторының тәжірибелік мәні зор. Мұнай өнімінің жабысқақтығы температурадан өзгеруі аз болса, оның сапасы жақсырақ болады.

Жабысқақтық шамасын көрсету үшін динамикалық жабысқақтық (ішкі үйкеліс коэффициенті) және ГОСТ 33 — 2000 (ISO 3104:1994) анықталатын, кинематикалық жабысқақтық ((ішкі үйкелістің меншік коэффициенті), және шартты және салыстырмалы жабысқақтық (ГОСТ 6258 — 85) қабылданған.

Динамикалық жабысқақтық h , г/(см·с), деп ауданы 1 см² бір бірінен 1см. қашықтықта тұрған, бір бірінің жылжуына қарсыласушы сұйықтың екі қабатының бір бірінен 1 см/с жылдамдықпен орын ауыстыратын күш аталады. СИ-дағы динамикалық жабысқақтық бірлігі — бір шаршы метрге Ньютон-

секунд (Н-с/м²). Динамикалық жабысқақтықты келесі формула бойынша есептейді

$$h = Ctp,$$

где C — вискозиметрдің тұрақтылығы; t — уақыт өтуі, с; p — қысым, кПа.

Кинематикалық жабысқақтық V , м²/с, деп динамикалық жабысқақтықтың анықтау температурасындағы отын тығыздығына қатынасын айтады. Кинематикалық жабысқақтықты сонымен қатар стокспен өлшейді (Ст), 1 Ст = 10⁻⁴ м²/с.

Кинематикалық жабысқақтық және динамикалық жабысқақтық арасындағы байланысты көрсетуші формула, келесідей $V = h/p$. Кинематикалық жабысқақтықты анықтау тәсілі сынақталатын отынның белгілі көлемінің ауырлық күші әсерінен өту уақытын өлшеу. Шет елді стандарт бойынша кинематикалық жабысқақтық 40 °С, ал біздің еліміздің ГОСТ-ында 20 °С (2.3 кесте [2]) нормаланады.

Шартты немесе салыстырмалы жабысқақтық - 20 °С сүзілген су жабысқақтығынан, өлшенген температурада мұнай өнімдерінің жабысқақтығы неше есе артық немесе кем екендігін көрсететін мөлшерсіз шама. Шартты жабысқақтық градусының саны t температурада ВУ°, белгіленеді. мысалы температура $t = 50$ °С — ВУ50.

Стандарт талаптарына сәйкес мұнай өнімдерінің шартты жабысқақтығы келесі температураларда анықталады:

2.3. кесте. Айданды отындардың 20 и 40 °С температурадағы Кинематикалық жабысқақтығы

20 °С	40 °С	20 °С	40 °С
2,8	2,0	9,2	5,5
3,7	2,5	10,5	6,0
4,6	3,0	11,6	6,5
5,5	3,5	12,4	7,0
6,4	4,0	13,4	7,5
7,3	4,5	14,4	8,0
8,2	5,0		

- жылдам жүретін дизелдер үшін дизелді отын — 20 °С;
- ақырын жүрісті дизелдер үшін — 50 °С;
- қазандық отындары (мазут) — 50; 70; 80 и 100 °С.

Отынның жабысқақтығы бүркудің жұқалығы мен біркелкілігіне

әсер етеді. Ол аздау болса, жұмысшы қоспа жылдамырақ құрылып сапалы болады. Жабысқақтықтың төмендеуі не жоғарылауы нормаланғанымен салыстырғанда, отын әперуші аппараттың жұмысы бұзылуына, процестері мен өоспа құруының бұзылуына әкеледі. Дозалау өзгереді, бүрку қысымы төмендейді. Жабысқақтық төмендегендесаңылаулар мен қуыстарға сіну және ағу жоғарылайды, отын шығыны көбейеді. Форсунка саңылаулары арқылы ағу, күйе пайда болуын жоғарылатады. Жабысқақтығы аз отын саңылау арқылы тығынжылды сорғыға өтеді, бұл, циклдік әперуді төмендетіп, қуаттың құлауына әкеліп соғады.

Дизельді отын отын сорғысының прецизионды жұбын майлайды.

Жабысқақтық азайғанда майлау қасиеті төмендейді, тозуы қарқындайды. Жабысқақтығы жоғары отынды райдалану, қоспа құрау сапасын төмендетеді. Жылдам жүрісті дизелде, жабысқақтыққа талаптар жоғары. Жоғары жабысқақты отынның булануына көп уақыт кетеді, ол толығымен жанбайды, содан күйелену, түтіндеу пайда болады. Пайдаланылған газдар қара болып, улылығы жоғарылайды, отын шығыны көбейеді. Орташа жабысқақты отын ең жақсы қасиеттерді иеленеді (20°C температурада $2,5 \dots 4,0 \text{ мм}^2/\text{с}$). Оны пайдалану ұсақ бір текті тамшылар алуға, булану процесін, қоспа құруды, отынның толық жануын жақсартуға мүмкіндік береді. Кері температурада осындай отын отын құбырларында ағу, ақтап тазарту сүзгісінен өту, жоғары қысымдағы сорғыдан өтудің жоғары сапаларына ие болады. Ішкі үйкелісті жеңуге энергия аз жұмсалады. Отынның жабысқақтығы көмірсутекті құрамға байланысты. Неғұрлым аз жабысқақтық майлы көмірсутектерде, олар суытқанда жзабысқақтығын аз өзгертеді. Хош иісті және нафтенді көмірсутектер жабысқақтықты жоғарылатып, жабысқақтық-температуралық тәуелділікті көтереді. Отынның жабысқақтығы температураның көтерілуімен төмендейді, және керісінше. Жабысқақтықтың өзгеруі қосу қасиеттеріне біршама әсер етеді, әсіресе жылдың суық мерзімінде. Қыс мерзімінде дизелдің сенімді жұмыс істеуі дизелді отынның қыстық сорттары қамтамасыз етеді.

Тығыздық. Бірлік көлемі ішіне алынған дене салмағы тығыздық деп аталады. Салмақ бірлігіне 4°C . температурадағы 1 м^3 судың салмағы қабылданады. Заттың салмағын, әдетте, 20°C температурада анықтайды және 4°C . температурадағы 1 м^3 судың салмағына қатынастырады. Бұл жағдайда тығыздықты ρ° , $\text{кг}/\text{м}^3$. белгілейді. Мұнай өнімдерінің тығыздығын тәжірибе талабы бойынша, 20°C температурада емес, басқа температурада t , $^{\circ}\text{C}$ анықтағанда, оның белгісі ρ_4 -тен ρ° белгісіне келесі формула

бойынша қайта есептелуі мүмкін

$$p_4^{20} = p_4 + g(t - 20),$$

Мұнда g — тығыздықты түзетудің орташа температурасы (2.4 кесте [2]).

Отандық стандартта тығыздық 20°C температурада нормаланады: жаздық дизель отыны үшін — 86° кг/м^3 артық емес, қыстық — 840 кг/м^3 артық емес, арктикалық үшін — 83° кг/м^3 артық емес. Шет ел стандарттарында тығыздық шегі 15°C температурада тағайындалған. Еуропалық стандарт EN 59° жаздық отын тығыздығы $82^\circ \dots 86^\circ \text{ кг/м}^3$, қыстық — $8^\circ \dots 84^\circ \text{ кг/м}^3$.

Тығыздықты p_4^{20} -дан p_{15}^{15} -ға қайта есептеу және керісінше, келесі формулада көрсетілген

$$p_{15}^{15} = p_4^{20} - 5a - b,$$

Мұнда a, b — түзетулер (2.5 кесте [2]).

Көмірсутектерінің әр топтарынан ең жоғары тығыздыққа хош иістілер ие, ең төменгі тығыздыққа — парафинділер. Парафинді мұнайдан алынған, қайнауудың басталуы және аяқталуының бірдей температуралы фракциялары хош иісті мұнай негізіндегі балама фракциялармен салыстырғанда төмен тығыздыққа ие.

2.4. кесте. Мұнай өнімдерінің орта температурадағы тығыздық түзетулерінің кестесі

Тығыздық, кг/м^3	Температуралық түзету 1°C -ға	Тығыздық, кг/м^3	Температуралық түзету 1°C -ға
$8^\circ \dots 89^\circ$	$^\circ,765$	$86^\circ \dots 869$	$^\circ,686$
$81^\circ \dots 819$	$^\circ,752$	$87^\circ \dots 879$	$^\circ,673$
$82^\circ \dots 829$	$^\circ,736$	$88^\circ \dots 889$	$^\circ,66^\circ$
$83^\circ \dots 839$	$^\circ,725$	$89^\circ \dots 899$	$^\circ,647$
$84^\circ \dots 849$	$^\circ,712$	$9^\circ \dots 9^\circ$	$^\circ,633$
$85^\circ \dots 859$	$^\circ,699$		

2.5-кесте. Тығыздықты қайта есептеу үшін а және в түзету белгілері

Плотность, кг/м ³		а	в	Плотность, кг/м ³		а	в
690 ..	699	0,910	0,9	850 ..	859	0,699	1,3
700 ..	709	0,897	0,9	860 ..	869	0,686	1,4
710 ..	719	0,884	0,9	870 ..	879	0,673	1,4
720 ..	729	0,810	1,0	880 ..	889	0,660	1,4
730 ..	739	0,857	1,0	890 ..	899	0,647	1,5
740 ..	749	0,844	1,0	900 ..	909	0,633	1,5
750 ..	759	0,831	1,0	910 ..	919	0,620	1,5
760 ..	769	0,818	1,1	920 ..	929	0,607	1,5
770 ..	779	0,805	1,1	930 ..	939	0,594	1,6
780 ..	789	0,792	1,1	940 ..	949	0,581	1,6
790 ..	799	0,778	1,2	950 ..	959	0,567	1,6
800 ..	809	0,765	1,2	960 ..	969	0,554	1,7
810 ..	819	0,752	1,2	970 ..	979	0,541	1,7
820 ..	829	0,738	1,3	980 ..	989	0,528	1,7
830 ..	839	0,725	1,3	990. 1 000		0,515	1,8
840 ..	849	0,712	1,3				

Отандық дизелді отындардың тығыздығы тек өңделетін мұнай сапасынан ғана емес, сонымен қатар, отынды алу технологиясына да байланысты (2.6 кесте [9]).

Мұнай өнімдерінің тығыздығы ГОСТ 3900—85 немесе ГОСТ Р 51069 — 97 (ISO 3675:1998) бойынша анықталады.

Плотность нефтепродукта определяют при заводском контроле, при сдаче-приемке в целях определения массы нефтепродукта по его объему (или для обратного пересчета) и в научно-исследовательских работах.

Беткі керу. Отынның булану процесіне, ауданы 1 см² жоғарғы қабатқа молекулалардың шығуына қажетті жұмыс бірлігі шамасын көрсететін беткі керу көп әсер етеді.

2.6. кесте. 20 °С температурада отандық дизелді отындар тығыздығы, кг/м³,

Тығыздықтың мағынасы	Отын түрі		
	Жаздық	Қыстық	Арктикалық
Нақтылы	802.875	792.847	790.830
Ең типтіктері	830.850	800.830	800.820

Беткі керу отын теипературасына байланысты. Фракциялық құрамның ауырлауымен беткі керу артады. Беткі керу ГОСТ 2084 — 77 бойынша анықталады.

Көмірсутекті отындар үшін (бензин, дизелді отын) беткі керу коэффициенті 8, мН/м, эмпирикалық формула бойынша жақындатып анықталады.

$$8 = 51,5 \cdot 10^{-3} p_T - 16,6,$$

мұнда p_T — отын тығыздығы, кг/м³.

Беткі керу дизелдер мен бензинді қозғалтқыштардағы бүркі жұқалығына әсер етеді: беткі керу аз болса, форсункалардың отын бүркуі жұқа және біртекті болады

Дизелді отынның беткі керуі бензинге қарағанда бірдей температурада 30... 40% -ға артық.

Құрамдағы нақтылы қарамайлар. Отынды сақтағанда уақыт әсерінен, жоғары температурадан, ауа оттегінен тұрақтылығы аз шекті емес көмірсутектер, қарамайлы қоспалар құрып қышқылданады. Нақтылы қарамай деп отын құрамында болатын қышқылдану, полимерлену және будың суға айлану өнімдерін атайды. Нақтылы қарамайлар онцентрациясы ГОСТ 8489 — 85 (ISO 6246:1995) бойынша анықталады. Дизелді отындардағы бұл көрсеткішке біздің елде ғана бағаланады. Құрамдағы қарамай 100мл отынға миллиграммда көрсетіледі. Қарамайдың құрамда бар екендігін оның түсі бойынша көріп жорамалдауға болады. Отын құрамына енетін көмірсутектер түссіз болады. Отынның сары-қоңыр түске боялуы онда қарамайлық заттар бар екендігін түсіндіреді: отында осы заттар көп болған сайын бояу түсі үдейді.

Отын түсі оның құрамында ауыр фракциялардың немесе сумен тазалау үшін қайтара процеспен айдалмаған, мұнай өнімдерінің тұрақтылығына кері әсер ететін фракциялардың бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Дизелді отынның түсі ГОСТ Р 51933 — 2002 (ISO 2049:1996) бойынша анықталады.

Лайлану, кристалдану және қату емпературасы.

Біртіндеп салқындатылған отын түсі мөлдірден лай бола

бастайды (мөлдірлігі бұзылады). Оның сыртқы пішіні қатты көмірсутектерінің түсуінен ауысады. Лайлану температурасы деп, балқығыштығы неғұрлым жоғары көмірсутектері және судың микрокристалдары құрылуы салдарынан отынның фазалық біртектілігі жоғалтылатын температураны атайды.

Лайлану температурасын ГОСТ 5066 — 91 (ISO 23015 — 2003) бойынша анықтайды. Одан ары салқындатқанда қатты фаза саны көбейіп, кристалдар өседі.

Кристалдана бастау температурасы деп, отында құралсыз көзбен көрінетін кристалдар пайда бола бастайтын температураны айтады. Кристалдана бастау температурасы ГОСТ 5066 — 91 бойынша анықталады. Отын температурасы, кристалдана бастау температурасынан төмендегенде, кристалдар тұтасып көлемді кристаллқаңқа құрайды, оның ұяшықтарында балқуы неғұрлым төмен сұйық көмірсутектер қамалады. Қату температурасы деп, отын қозғалтқыштығын жоғалтатын температураны атайды. Қату температурасы ГОСТ 20287 — 91 бойынша анықталады. Дизелді отынның жаздық сорттарына лайлану температурасы —5°C жоғары болмауы тиіс, ал қыстық сорттарға—25...30°C. Қату температурсы лайлану температурасынан 5... 10 °C төмен болуы керек. Осы айырмашылық аз болса, отын сапасы жақсырақ болады. Сүзілгіштіктің шекті температурасы — бұл, белгілі жағдайларда салқындатылған отын, белгіленген жылдамдықпен сүзгіш арқылы өту қабілетін әлі сақтайтын температура. Сүзілгіштіктің шекті температурасы ГОСТ 22 254—92 (ISO 116) бойынша анықталады. Депрессорлық қопалары бар отындар үшін сүзілгіштіктің шекті температурасы лайлану температурасынан ең аз дегенде 10 °C төмен болуға тиіс. Лалану температурасы және сүзілгіштіктің шекті температурасы отынды пайдалану жағдайын анықтайды. Қату температурасы отынды қоймада сақтау жағдайын анықтайды.

Тұтану температурасы. Отын булары ауамен бірге от жақындаған тұтанатын жанғыш қоспа құрайтын температура, тұтану температурасы деп аталады. Тұтану температурасы ГОСТ 6356—75 (ISO 2719:2002) бойынша анықталады. Тұтану температурасы дизелді отынның тасымалдау, сақтау және қолдану кезіндегі өртке қауіптілігін сипаттайды, булардың жоғарғы қысымындағы фракциялар санын, отын құрамының біртектілігін бағалайды. Жалпы тағайындаудағы автотракторлық дизелдер үшін тұтану температурасы 40 °C төмен болмайтын отын шығарылады. Ауа алмасуы шектелген дизелдер үшін тұтану температурасы 65...80°C отын қолданылады. Дизел отынының тұтану температурасын, қайнай бастау температурасын жоғарылату арқылы, демек, мұнайдан отын алуды іріктемей, жоғарылатуға

болады.

Сүзілгіштік коэффициенті. Отынның сүзілгіштердің бітеліп қалуын болдырмау қабілетін сүзілгіштік коэффициентімен бағалайды, ол ГОСТ 19006 — 73 бойынша анықталады. Отынның сүзілгіштігіне судың, механикалық қоспалардың, қарамайлы заттардың, нафтенді қышқылдар сабыны болуы әсер етеді. Тауарлық дизелді отында еріген су сүзілгіштік коэффициентіне әсер етпейді. Отында ерімеген су, нафтенді қышқылдармен түйіскенде, ақатап тазартатын сүзілгіштерді бітейтін сабын (кеуекті қоймалжың шөгінді) құрайды. Тауарлық дизелді отынның сүзілгіштік коэффициенті 3-тен аспайды. Сүзілгіштік коэффициенті бірге жақын болса, дизелді отынның сапасы жоғары болады.

Күл шығару. 800.850 °C температурада атмосфера ауасында отын жанған соң минералдық қалдық — күл болады. Отын құрамында органикалық емес заттардың болуы күйе пайда болуын қарқындатып, оның тығыздығын жоғарылатады. Осы қоспалардың саны отынның күл шығаруы деп анықталады. Күл шығару ГОСТ 1461 — 75 (ISO 6245 — 2001) анықталады. Дизелдік отындар үшін күл шығару 0,01 %-дан аспау керек. Күл шығару көбейсе, жану аппаратырасы және поршенді-цилиндрлі топ бөлшектерінің тозуы жоғарылайды.

Кокстену. Склонность Отынның күл құрау қабілеттілігі, оның ауа бармай ысытқанда қатты көмір тектес шөгінділер (кокс) құрау қабілетіне байланысты. Осы қасиет кокстену деп аталып, ГОСТ 19932 — 99 (ISO 6615 : 1993) бойынша анықталады. Кокс мөлшері отынның фракциялық құрамына, тазарту тереңдігіне, қарамайлы — асфалтенді қоспалар болуына байланысты. Бұл көрсеткішті бір отынның әр бөлек топтарын қабылдағанда салыстырып сынақтауға пайдалануға ыңғайлы.

Йодтық сан. Дизелді отын өндірісін кеңейту үшін, тұрақтылығы аз көмірсутектер болуы мүмкін болғанда, оған 20 % дейін каталиттік крекинг өнімдерін қосады. Лак — күйе құрауға шекті емес көмірсутектер қабілетті, отында құрамы ұлғаюымен, дизелде бұл процестер қарқындай түседі. Шекті емес көмірсутектердің құрамы (тұрақтылығы аз) йодтық санмен, ГОСТ 2070 — 82 бойынша анықталады. Дизелді отында йодтық сан отынның 100г 6 г жоғары болмауы тиіс.

Құрамдағы күкірт. Жоғары коррозиялық тозуға, отын құрамындағы күкіртті қоспалар көп әсер етеді. Дизелді отын алудың қазіргі заман технологиясы, онда металға коррозиялық әсер ететін шамада элементтік күкірт, күкіртті сутек болу мүмкіндігін жоққа шығаруда. Отын құрамындағы белсенді емес күкіртті қоспалардың (белсенді емес күкірт) мөлшерін бақылау ГОСТ 3877

— 88 (ISO 8754:2003) бойынша іске, асырылады. Белсенді емес күкірт, сұйық отында бола тұрса да, коррозиялық жебірлік қасиеті жоқ. Оның зиянды әсері отын жанып біткен соң, қышқыл пайда болатын, белсенді емес күкіртті қоспалардың бұзылуы болатын мерзімде болады. Пайда болған өнімдер, отындағы күкірт қанша көп болса, салқындату сұйығының температурасы қанша төмен болса, дизелдің тозуын сонша қарқындатады. Дизелді отындардың коррозиялық жебірлігі негізінде меркаптанды күкірт болуынан байланысты. Меркаптанды күкірттің және күкірттісутектің салмақтық үлесі ГОСТ Р 50442 — 92 (ISO 20846: 2004) бойынша анықталады. Дизелді отынды меркаптанды күкірттің коррозиялық белсенділігі, процесті жылдамдататын еркін су және еріген оттегі болуына байланысты. Дизелдің күкірттілігі жоғары отынмен жұмыс істеуінде, аз күкірттімен салыстырғанда, қатты және тығыз күйе көбірек пайда болады.

